



латын. Осы мәселе бойынша Президент Республика Кон-ституциялық Кеңесіне өтініш жолдап, ҚР Конституциясының 41-бабы 2-тармағына ресми түсіндірме беруін сұраған.

Өтініш беруші Республика Президенттігіне кандидаттарға қойылатын Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұруы туралы талабының мазмұнын ашуды, Қазақстанның шетелдік мекемелерінде және Рес-публика мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдарда жұмысы кезеңінде азаматтың елден тыс жерде тұрған уақытын аталған мерзімге есептеу мәселесін түсіндіруді өтінген.

Парламент Мәжілісінің Вице-спикері Гүлмира Исимбаева Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық жұмыстармен шетелде болуы «ұзақ мерзімді іссапар ретінде саналады» деген пікір білдірген.

Кезектен тыс президент сайлауына кандидаттарды ұсыну сәуірдің 10-ы күні басталған еді. Үміткерлерді ұсыну сәуірдің 28-і күні, ал кандидаттарды тіркеу мамыр айының 11 күні аяқталады.

Д. БЕЙБІТ.

## БИЛІК ПАРТИЯСЫ ӨЗ ҮМІТКЕРІН БЕКІТТІ

Н. Өбішұлы билікте болған кезіндегі еліміздің бастан өткерген қиындықтары мен жетістіктерін тілге тиек етіп, Елбасы мен ел егіз ұғымға айналған кезде ғана мемлекет табысқа жететінін айтты.

– Саналы түрде шешім қабылдадым. Ондай шешім бір күнде немесе бір айда қабылданбайды. Мен бұған бірнеше жыл бойы дайындалдым. Сырымды айтар болсам, үш жылдан астам уақыт кетті. Жан-жақты зерделеп, келешекті бағамдап, өткенді сараладым. Осы уақытқа дейін тәрбиелеген және әрқайсысына сенім артқан кадрларды қарай келе осындай шешімге келдім. Бұл шешім дұрыс деп білемін, – деді Елбасы өзі басқаратын партия съезінде.

Маусым айының 9-ына белгіленген кезектен тыс сайлауға тәжірибелі саясаткер ретінде сенім білдіріп, «Сенімді серігім» деп таныстырған Қасым-Жомарт Тоқаевты ұсынды.

– Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан президенті қызметіне ұсыну туралы мәселені съездің қарауына қоямын. Жылдар бойы бірге жұмыс істеп келгендіктен, ол еліміздегі осы қызметке лайық кандидат деп санаймын, – деді Назарбаев.

Осыдан соң съезге қатысқан барлық деңгейдегі депутаттар, саяси кеңестің мүшелері, партия ардагерлері, өңірлік филиалдардың өкілдері және «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері «Nur Otan» партиясының мүшелері Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатура-сын бірауыздан қолдап, президент сай-

**«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЛИДЕРІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫНА БИЛІК ПАРТИЯСЫ АТЫНАН ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫ КАНДИДАТ РЕТİNДЕ ҰСЫНДЫ. СӘУІРДІҢ 23 КҮНІ ӨТКІЗІЛГЕН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ 19-СЪЕЗІ АШЫЛҒАН СОҢ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП СӨЗ АЛҒАН ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ ҮШІН БИЛІКТЕН КЕТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ОҢАЙ БОЛМАҒАНЫН АЙТТЫ.**

лауына партия атынан түсетін үміткер ретінде бекітті.

– Менің саясатымды қазақстандықтардың басым бөлігі қолдайтынын білемін. Бұл маған сенім ұялатады. Адамдарға тұрақтылық керек. Қазақстан президентімен бірлесіп елді нығайту үшін жұмыс істеймін, – деді экс-президент.

Съез барысында сөз алған Қасым-Жомарт Тоқаев:

– Маған зор сенім артып, ҚР Президентке ұсынған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен рақмет айтамын, – деп, Елбасына деген өз құрметін білдірді. Тұңғыш президентіміздің саяси стратегиялық бағытын жалғастыратынын жеткізді. Өрі партияның саяси кеңесі мен бюросының нақты іске кірісіп, халықпен кездесуін және заман талабына сай на-

сихаттау жұмысын ұйымдастыруын талап етті. «Жұмыс дұрыс, адамдар сенімді болса, жеңіске жетемін» – деді ол.

Құрылтайды қорытындылаған экс-президент:

– Біз басқа елдермен салыстырғанда үлкен де, кіші де мемлекет емеспіз, – деп бастаған Назарбаев жаңа заманның талабына ілесемін деп, «алты бақан алауыз» болмай, биліктен айрылып қалмаудың маңызына тоқтады. Сөз соңында «Бастық – біреу, біз – тіреу болуымыз керек» – деді.

Бір айта кетерлігі, 10 сәуірде ҚР Әділет вице-министрі Наталья Пан Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2011 – 2013 жылдар аралығындағы дипломатиялық қызметі оның кезектен тыс Президенттік сайлауға түсуіне кедергі болмайтынын айтқан бо-

### АНДАТПА

КӨЗҚАРАС 4-бет



**ДАРАҚЫЛЫҚТЫҢ КІМГЕ КЕРЕГІ БАР?**

ПІКІР 5-бет



**БІЛІМІНЕ ЕМЕС, БІЛЕГІНЕ СЕНГЕН СТУДЕНТ**

ҚАМБАР АТА 8-9-бет



**АЛАКӨЛ АСЫЛ ЖЫЛҚЫСЫ**

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ӨЗ ҮМІТКЕРІН ҰСЫНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Wyndham қонақ үйінде өткен «Ақ Жол» партиясының съезіне мемлекет және қоғам қайраткерлері мен спортшылар, БАҚ өкілдері қатысты. Партия атынан ұсынылған Президенттікке үміткер кандидаттар қатарында Мәжіліс депутаты Дания Еспаева, кәсіпкерлер Қуат Рақымбердин, Асан Қошманбетов, Серік Ерубаев, Талғат Ерғалиев және Евгений Кинцель бар. Құрылтайға сайланған 254 делегаттың 221-і келген.

Алғаш сөз алған Азат Перуашов «Nur Otan» партиясы Қасым-Жомарт Тоқаевты ұсынғанын айтып, құттықтады. Алдағы сайлаудың әділ, демократиялық жолмен өтетіндігіне сенім білдіретіндігін жеткізді. Сондай-ақ, ол:

– Біз Алаш идеясымен қаруланып, ұлт үшін күресеміз. Басқа ешқандай партияда мұндай Алаштық идея жоқ, – деді.

Өр кандидат өз жобаларымен таныстырған соң, партияның басшылық алқасы, есеп комитеті жасырын дауыс беруге көшкен.

Үзіліс кезінде партияның басшылық алқасы, есеп комитеті кіші залға кіріп, жасырын дауыс беруге кетті.

Есеп комиссиясының шығарған нәтижесін есеп комиссиясының төрағасы, депутат Ерлан Барлыбаев оқыды.

Жалпы 190 адам дауыс беріп, оның екеуінің дауысы жарамсыз деп табылды.

Д. Еспаев – 49,5% (94 )

Т. Ерғалиев – 31,6% (60)

С. Ерубаев – 5,3% (10)

Қ. Рақымбердин – 2,7% (5)

А. Қошманбетов – 5,8% (11)

Е. Кинцель – 4,2% (8)

Құрылтайдың екінші турында А. Перуашов:

– Алдыңғы екі үміткер де елу пайыз дауыстан асып жинамады. Сол себепті, ашық дауыс береміз деп шештік, – деп өз ұсынысын білдірді.

Делегаттар Дания Еспаеваны қолдады. 15 адам қарсы болды. Құрылтай қорытындысына сәйкес, Дания Еспаева Президенттікке үміткер деп жарияланды.

Делегация мүшесі, журналист Арман Сқабылұлы:

– Сіз анау жиырма бір мыңды ала алмай шырылдаған аналарға көмектессеңіз. «Байтал шауып, бөйге алмас» деген сөз қате. Бабы жетсе, бөйге алады, – деп тілегін білдірді.

Д. БЕЙБІТ.



## ЖАНСҮГІРОВТІҢ ЖАРЫҚ КӨРМЕГЕН ТУЫНДЫЛАРЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТПАҚ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ АҚЫН ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕТОЙЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.

Аталмыш шараға ақынның ұрпағымен қоса, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қаласынан арнайы қонақтар келіп қатысты.

Жыр құлагері атанған Ілияс ақын атындағы гүл ордасының студенттері ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, өлеңдерін жатқа оқыды.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Қуат Баймырзаев конференцияның тізгінін ұстап, жүргізушілік етті.

Жиын барысында баяндамалар оқылып, ақын мұрасы жөнінде тың деректер айтылды. Атап айтсақ, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық орталығының хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова «Ілияс шығармалары мәтінін лингвостатистикалық және фоносемантикалық аспектілерде зерттеудің маңызы», «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология

ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов «Құлагер» поэмасы: ақиқат пен аңыз», Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «І.Жансүгіровтың ағартушылық қызметі мен педагогикалық идеялары», І.Жансүгіров музейінің директоры Нұргүл Жауынбаева «Жыр дүлдүлі», сондай-ақ, «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шара Әсетқызы «Мәлім және беймәлім Ілияс» тақырыбында баяндамаларын жұртшылық назарына ұсынды.

Университет ректоры Қуат Маратұлы Ілияс Жансүгіровтің немересі Фатима Жандосоваға сый-құрмет көрсетіп, арнайы медаль тақты. Өз кезегінде сөз алған немересі және Ілиястың ұлы Болат Жансүгіровтың жұбайы Қарлығаш Қаңтарбаева білім ордасына ризашылықтарын білдіріп, сый-сыяпаттарын ұсынды.

Бір қуантарлық жайт, ақынның цензура тасасында қалған, жарыққа шығарылмаған туындылары ақынның 125 жылдық меретойы қарсаңында алаш жұртына жол тартпақ.

Д. ӘМІР.



## ШЕТ ЕЛДІК ДЕЛЕГАТТАРМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ

Облыс орталығында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениетті ілгерілету» атты І халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталған жиынды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі мен Алматы облысының Ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған.

Конференцияның ашылу салтанатында: – Бұл өңіріміздің рухани, мәдени өмірінде ешқашан болмаған, тұңғыш, әрі теңдессіз оқиға. Жер жүзі Қазақстан қандай ел екенін, қазақ қандай ұлт екенін осы жоба арқылы кеңінен тани түседі, – деді алғаш сөз алған облыс әкімінің орынбасары Лаззат Тұрлашов.

Шет мемлекеттерден келген делегаттар қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті жаһандық әлемге ілгерілетудің интеграцияланған моделін қалыптастыру мәселелері жөніндегі ойларымен бөлісіп, еліміздің мәдениет саласындағы мамандармен пікір алмасты.

Франция елшілігінің кеңесшісі Гийом Касперский «Қазақстанға Франция елінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру – ХХІ ғасырда елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын кешенді жұмыс», – деді. Атап айтсақ, қонақтар Франция, Армения, Польша, Беларусь мемлекеттерінен келді.

Өз тілшіміз.

## ІІМ бірінші шілдеден бастап жүргізуші куәлігін бермейді

Ішкі істер министрлігі 2019 жылдың бірінші шілдесінен тіркеу-емтихан бөлімін алып тастайды. Бұл бөлімнің қызметтері арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтары мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына беріледі.

Енді 1 шілдеден бастап жүргізуші куәлігін алғысы келетіндерден теориялық, практикалық сынақтарды халыққа қызмет көрсету орталықтарының мамандары қабылдайтын болады.

Айта кетейік, құжаттарды тексеру үшін өтінімдерді бөлу полиция қызметкерлері арасында автоматты түрде жүргізіледі. Бұл адам факторын жояды. Ал арнайы ХҚКО жоқ қалаларда тіркеу-емтихан бөлімінің міндетін қарапайым ХҚКО-лар атқаратын болады.



«Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы мекемесінің» жер сілкінісін зерттейтін 335 қызметкері еңбекақыларын ала алмай жүр. Ұйым басшысы Б. Әшіровтің айтуынша, жалақының осынша уақыт кешігуіне мекеменің Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитетіне ауыстырылуы себеп болып отыр.

## СЕЙСМОЛОГТАР ЖАЛАҚЫСЫЗ ҚАЛДЫ

Ал, жұмысшылар болса, несиесі мен тамағынан бөлек, жолақыға ақша жоқтығын айтып, зар илейді. Ұйымның директоры бюрократиялық шаруалары үйлессе қызметкерлерінің жалақысы мамыр айында беріліп қалар дейді. Айтуынша, қаржыландыру көзі ашылмағандықтан мекеменің коммуналдық төлемдерге қарыздары көбейген, осы себептен жер сілкінісіне жасалатын болжамдар да толық жүргізілмей жатыр.

## ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### МЫСЫР ПРЕЗИДЕНТІ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БОЛА АЛАДЫ

Мысыр президенті Абдул-Фаттах ас-Сиси 2030 жылға дейін мемлекет басшысы болып қала алады. Бұл туралы осы елдің Орталық сайлау комитеті жалпыұлттық референдумнан кейін мәлімдеді. Еске сала кетейік, Мысыр халқы өткен аптада президент өкілеттігін 4 жылдан 6 жылға дейін созуды дауысқа салды. Халық талқысына 12 конституциялық өзгерту ұсынылып, оларды сайлаушылардың 89 пайызы қолдады. Ал Абдул-Фаттах ас-Сиси Мысырдағы билік басына 2014 жылы келіп, өткен жылы қайта сайланған. Оның мәлімдеуінше, бұл өзгерістер елдегі әлеуметтік-экономикалық реформаны жалғастыруға мүмкіндік береді.

### ПОЛЬШАДА МҰҒАЛІМДЕР ЕРЕУІЛГЕ ШЫҚТЫ

Варшавада мыңдаған ұстаз Польшаның ұлттық білім беру министрлігінің алдына наразылық шарасына жиналды. Айта кетерлігі, осыдан бірер апта бұрын мұғалімдер қауымы мерзімсіз ереуілге шығатынын жариялаған. Негізгі талап ұстаздардың жалақысын шапшаңдату болған. Польшада сәуірдің 10-нан бастап мектеп мамен 260 долларға өсіру белгіленген еді. Оқытушылардың ереуілге оқушыларының емтихандары белгіленген еді. Оқытушылардың ереуілге енді бұл үдерісті қиындата түсті. Сол себепті мектептегі емтиханшығы үшін ел үкіметі педагогикалық білімі бар еріктілерді жұмысқа қабылдау үшін ел үкіметі педагогикалық білімі бар еріктілерді жұмысқа тартуға мәжбүр болған. Осылайша, гимназиялар мен сегізінші класс оқушыларының білімін сынау мүмкін болды. Алайда 6 мамырдан бастап мектеп бітіру сынақтары басталады. Бұл ретте ұстаздар қауымының ереуілі түлектердің емтиханын ұйымдастыруға кедергі болмақ.

# ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ В ДОЛИНУ ЗАМКОВ!

По проекту «Жетысу - мой край родной» ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган посетили удивительные пейзажи Алматинской области – Чарынский каньон и каньон Куртогай.



Это живописная природная местность, которая поражает своими неземными ландшафтами, расположен на территории Чарынского национального парка. Здесь можно встретить редкие виды животных, растений, занесенные в Красную книгу.

Началась экскурсия с каньона Чарын. Тут же позабыл длинный путь, ребята принялись изучать местную флору и фауну. Грандиозная панорама изумляла не только школьников, но и приезжих туристов. Лабиринты Долины Замков так и манил своей красотой и великолепием.

Спустившись до реки Чарын, юные туристы, под руководством Игоря Шалашова учителя физической культуры, кружка «Активные виды туризма», организовали «Активные виды туризма» рассказали о происхождении реки, переживший эпоху оледенения.

Самым ярким событием похода стали раскопки на месте древнего поселения. Здесь ребята нашли осколки глиняной утвари, а также фрагменты железной посуды.

Поход в Чарын по проекту «Жетысу - мой край родной» очень понравился ребятам, они увидели красоту родного края, узнали много интересного про историю происхождения загадочных каньонов, про растительный и животный мир данной местности. Тот, кто хоть раз побывал в Чарынском каньоне, влюбляется в него навсегда!

А. МУРАТКЫЗЫ.

ЮРИЙ ГЛАДЧЕНКО, ИНЖЕНЕР ПО КОМПЬЮТЕРНОМУ ОБОРУДОВАНИЮ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН СТАЛ ПОБЕДИТЕЛЕМ ОБЛАСТНОГО ФОТОКОНКУРСА «МОЙ ЖЕТЫСУ» В НОМИНАЦИИ «ГОРОД, КОТОРЫЙ Я ЛЮБЛЮ».

## ПО ТУ СТОРОНУ ОБЪЕКТИВА



Организатором фотоконкурса выступило Общественное объединение «Союз фотографов и видеографов» при поддержке областного Управления внутренней политики.

В конкурсе приняли участие 58 работ, которые были оценены признанными профессионалами своего дела Женисом Ысыбай и Артемом Мирошниченко.

На суд зрителей и жюри были представлены самые разнообразные авторские работы, выполненные в разных стилях и жанрах. Все без исключения работы передавали авторский взгляд на тему фотоконкурса.

Юрий Gladchenko представил 6 работ. Семейный портрет «Дорога в Ушбулак» на фоне гор Джунгарского Алатау жюри признало лучшей.

«Чтобы понять, как стать профессиональным фотографом, иметь дорогую фотокамеру мало. Нужно много учиться и совершенствоваться», - говорит Юрий.

Награждая победителей конкурса, организаторы подчеркнули важность проведения таких конкурсов для формирования и воспитания гражданской позиции, патриотизма, развития творческой активности, привлечь внимание горожан к истории, культуре, природе Жетысу.

А. АКЫБАЕВА.

## ЛУЧШИЙ ЮНЫЙ УЧЕНЫЙ - УЧЕНИК 8 КЛАССА НИШ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН

Ученик 8 класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган Алишер Бекмуштафаев стал Лучшим юным ученым, выиграв Гран-при на V Республиканской научно-практической конференции «Современная наука: Новый взгляд».

Конференция состоялась в городе Алматы, организаторами которой выступили Общественный фонд «Фонд поддержки развития Международного педагогического творчества и науки» и университет «Туран».

Алишер Бекмуштафаев на пленарном заседании выступил с докладом «Влияние мелкой моторики на способности учащихся». Научный проект юного ученого был представлен в секции «Социальная наука».

«Мой проект нацелен на обучения детей с ограниченными возможностями и детей дошкольного возраста. Одним из важных аспектов развития особенного ребенка в период подготовки его к школе является развитие мелкой моторики и координации движений пальцев рук», - рассказывает Алишер.

Под руководством учителя самопознания Орынгуль Кусмулдановой, Алишер разрабатывает план дидактических занятий для обучения особенных детей дошкольного возраста. И к следующему учебному году будет готов проводить уроки по мелкой моторике рук.

«Я очень люблю детей и мне нравится проводить с ними свободное время, вызывать интерес и желание учиться чему-то новому. Дети с большим интересом и удовольствием любят играть, и очень важно чтобы эта игра приносила им большую пользу», - делится своим мнением юный ученый.

По его словам, развитие и совершенствование



мелкой моторики пальцев рук является главным стимулом развития центральной нервной системы, всех психических процессов, речи. Ребенок осознает, что при улучшении моторных функций, он чувствует себя более комфортно в любой ситуации, в любой среде.

По итогам V Республиканской научно-практической конференции «Современная наука: Новый взгляд», доклад Алишера Бекмуштафаева был награжден дипломом «Гран-при», сертификатом, медалью «Лучший юный ученый». Поздравляем!

СОБ. КОРР.

## ЯРМАРКА ВАКАНСИЙ ДЛЯ БУДУЩИХ МЕДИКОВ

Как сообщает пресс-служба палаты предпринимателей Алматинской области, на площадке Региональной палаты предпринимателей прошла ежегодная ярмарка вакансий для студентов Талдыкорганского высшего медицинского колледжа. Цель мероприятия – помочь выпускникам в поиске работы и налаживании контактов с работодателями. В ярмарке приняли участие 13 государственных и частных медицинских организаций города и области. Свои резюме представили более 90 студентов, которые завершают обучение по специальностям «Медицинская сестра», «Лечебное дело», «Стоматология», «Лабораторная диагностика», «Гигиена и эпидемиология» и др.



Директор колледжа Максим Джансенгиров поблагодарил Палату предпринимателей, Управление здравоохранения за содействие в организации ежегодной ярмарки. «Мы на протяжении 80 лет готовим специалистов для медицинских учреждений. Сегодня нет ни одного лечебно-профилактического учреждения, аптечного предприятия Алматинской области, где бы не работали наши выпускники. Поэтому хотелось бы пожелать выпускникам благополучия и успехов в дальнейшей деятельности», - сказал глава учебного заведения.

Начальник отдела развития человеческого капитала Палаты предпринимателей Алматинской области Алмагуль Онгарбаева, в своей приветственной речи отметила обеспечение высокого уровня подготовки кадров

в учебном заведении. «Мы наблюдаем, как с каждым годом колледж совершенствуется и внедряет новые образовательные программы и технологии. Это делает будущих специалистов востребованными и конкурентоспособными на рынке. Хочу особо отметить вклад учебного заведения в конкурсе «World Skills». Так в феврале этого года студентка колледжа удостоилась 2 места в VII открытом региональном чемпионате «Молодые профессионалы» («World Skills Russia») Свердловской области. Это довольно высокий показатель среди всех колледжей области», - сказала Алмагуль Онгарбаева.

Сегодня в Алматинской области действует 862 медицинских организаций, из них более 160 являются частными учреждениями. По мнению специалистов, спрос на медицинские услуги только будет расти.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

## ПРОШЕЛ БИЗНЕС-ЗАВТРАК

Директор Регионального филиала по Алматинской области Аманксер Серик Николаевич принял участие в бизнес-завтраке проведенном ДБ АО «Сбербанк России».

Бизнес – завтрак проводился с партнерами и клиентами банка с целью укрепления отношений и информирования о продуктах банка. На мероприятии присутствовало более 50 человек представителей бизнеса.

Серик Николаевич провел презентацию о Фонде «Даму» и реализуемых программах поддержки предпринимательства. Помимо Фонда с презентациями выступили партнеры банка АО «KazakhExport», АО «InterComp», АО «Казына Капитал Менеджмент», АО «Аграрная кредитная корпорация», НПП «Атамекен».

Весенний Бизнес-завтрак прошел очень активно и продуктивно, было задано большое количество вопросов, на которые участники получили ответы от Банка и представителей Фонда.

Проведение подобных мероприятий оказывает положительный эффект на развитие предпринимательства в регионе. Дополнительно отмечаем, что ДБ АО «Сбербанк России» является лидером по реализации программ Фонда «Даму» в Алматинской области.

Ш. ХАМИТОВ.

## ЕВРОПЕЙСКАЯ «БРОНЗА»



Ученица 11 класса Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления города Талдыкорган Сабырбек Аружан стала бронзовым призером Европейской олимпиады по математике в Украине.

Европейская олимпиада по математике для девочек (EGMO) проходила с 7 по 13 апреля в городе Киев. В этом году олимпиада собрала 200 девочек - математиков из 49 стран мира. В течение недели участницы решали математические задания из алгебры, комбинаторики, геометрии и теории чисел. По завершению Европейской олимпиады девочки-математики завоевали одну серебряную и три бронзовые медали.

Аружан Сабырбек является призером внутрисетевых, республиканских, международных олимпиад по математике. На сегодняшний день в ее копилке – четыре бронзы в Международных олимпиадах, такие как, Юниорская Балканская математическая олимпиада (JBMO), Европейская математическая олимпиада для девушек (EGMO), математическая олимпиада имени Леонардо Эйлера; три бронзы и одно серебро в Республиканских математических олимпиадах. Была награждена похвальной грамотой за участие в Международной олимпиаде школьников «ТУЙМААДА».

А. МУРАТКЫЗЫ.



МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ

# ДАРАҚЫЛЫҚТЫҢ КІМГЕ КЕРЕГІ БАР?

**МАУСЫМ АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА ЖҮРЕКТЕРІ ЛҮПІЛДЕП ЖҮРГЕН ТҮЛЕКТЕР ТЫНЫШТАЛА МА ДЕСЕҢІЗ, ҚАТЕЛЕСЕСІЗ. САУДАНЫҢ ДА ҚЫЖ-ҚЫЖ ҚАЙНАП, БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ДЕ ШАРЫҚТАУ ШЕГІ ОСЫ ТҰСҚА ДӨП КЕЛЕДІ. СЕБЕБІ, ҚОЛЫНА АТТЕСТАТ АЛҒАН ЖЕТКІНШЕКТЕР МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІН ҰЙЫМДАСТЫРЫП, МӨРЕ-СӘРЕ БОЛАДЫ. ӨМІРДІҢ ЖАҢА БІР КЕЗЕҢІНЕ АЯҚ БАСҚАН ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚУАНЫШЫМЕН БӨЛІСКЕН ДЕ ОРИНДЫ ШЫҒАР. БІРАҚ ОНЫ ҰЛАНАСЫР ТОЙҒА АЙНАЛДЫРУДЫҢ ЖӨНІ БАР МА?**



көп. Өкінішке орай, дәл осы күні 18-ге толмаған, жүргізуші куәлігі әрі тәжірибесі жоқ түлектердің апатқа түскендері де аз емес. Кештің соңы төбелеспен аяқталып, енді ғана жаңа өмірге қадам басқан түлектердің денсаулықтарына зиян келетіні тағы бар.


Сондай-ақ, бұл мәселені көтерушілер ақша жинауға мектеп ұжымын кінәлап, жазғырып жатады. Ал шындығында, біздің қоғам қоштасу кештерін өткізуге мұғалімдердің де қарсы екенінен бейхабар. Мұны жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ. Әр түрлі өңірдегі ұстаздардың пікірі осы. «Түлек қауіпсіздігіне алаңдаймыз, өз балаларымызды қараусыз қалдырып, таңға дейін жүреміз» деп ойларын ашық айтты.

Түлектер кешін өткізудің фор-

маты төңірегінде ата-аналардың көзқарасын бірден өзгерту қиынырақ. Себебі сол түлек біреуінің тұңғышы, ендібіреуінің еркесі. Сондықтан ысырапты азайту қажет екенін де мойындамайды. Қатарластарынан қалдырмаймын, баламның өңесі төмен түспесін деп және баламның тілегін орындап жүрмін деп асыра сілтеп жібергендерін байқамай қалады. Дей тұрғанмен, «Бір ғана мектеп бітіру кеші үшін өте қымбат баға шықты. Баламның көңіліне қарап қосылуға тура келді. Мұндай кешті өткізуде ысырапқа жол бермейтіндей жолын қарастыру керек» деген ата-аналар пікірін қайда тастаймыз? Шындығында халықтың әлеуметтік жағдайы қай деңгейде екені белгілі. Өкінішке орай, өте жақсы деп ауыз толтыра алмаймыз...

Мектеппен қоштасу кеші жанға жайлы кездесу болып өтуі керек. Балалар, ата-аналар мен мұғалімдердің салықалы бір отырысы болуы қажет», – деп атап көрсетті.

Десе де, Білім және ғылым министрлігінің, ұстаздар қауымының қарсылығына қарамастан түлектер мен ата-аналар бітіру кешін мейрамханада өткізуге, көп-көсір ақша жинауға қарсылық танытпай отыр. Әр түлектің отбасында жиналатын «тариф» құны 100 мыңнан асады. Бағаның шарықтаған тұсында керек-жарақты есептеп қарасақ, нәтижесінде бойжеткенге 70-90 мың, бозбалаға 60-80 мың аралығында қаражат жұмсалады екен. Сыйлық, салтанатты мейрамхана, танымал асаба, шетелдік көлікке жиналатын ақшаны қоспағанда тек түлектің өз басына осыншама қаржы кетеді. Бір күнгі кеш үшін мұнша қаражат көп емес пе? Сонда тұрмыстық жағдайы төмен немесе көп балалы отбасы балалардың жағдайы не болмақ? Бұл – психологтарды аса алаңдатқан сауал. «Соңғы уақыттағы суицидтің көбеюінің



те, ата-аналар да балалардың қауіпсіздігіне баса назар аударуы қажет. «Сол себепті біз ондай кештер тек мектептің территориясында ғана өтуі керек деп санаймын. Артық ақша шашудың да қажеті жоқ. Аста-төк отырыс жасамау керек. Қымбат көйлек алудың да қажеті шамалы. Түлектер кеші өзара бәсеке үшін жасалмайды.

бір себебі, жас жеткіншектердің қатардан қалуынан, әлі өмірдің маңызын түсініп болмаған жас жеткіншекке суицидтен басқа амал қалмағандай көрінеді», – дейді мамандар.

Ысырап пен баланың психологиясына, енді қауіпті жайларды қосыңыз. Бұл күні өкелерінің көлігін мініп кететіндер қатары да

### Түйін:

Мектеп бітіру – түлектің өзі үшін де, ата-анасы үшін де есте қалдыруға тұрарлық оқиға екеніне дауа жоқ. Бірақ, даңғазаға айналып бара жатқан кешке мектеп мұғалімінен бастап, жергілікті әкімдік, Құқық қорғау органдары төтенше жағдайға дайындалғандай дайындалатын болды. Даңғаза мен дарақылдан алдымызға жан салмай келе жатқанымыз сондай, 11-сынып бітірушілерді айтпағанда, балабақша мен бастауыш сыныпты тәмамдаған бала үшін де бітіру кештері тойланады.

Жоғарыда айтылғандарды сараласақ, көкейде сауал көп... Бір мектеп бітіру кеші осынша мәселе тудырып, тіпті өліммен аяқталуының себебі неде? Үш-төрт сағаттық кеш үшін бір-екі айлық жалақысын шаша салатын ата-аналарға не дей аламыз? Соншалықты дарақылдың кімге керекі бар? Биыл мектеп бітіруші түлектерге қымбат көлік жалдап, қымбат мейрамханада дастарқан уаюға шектеу бола ма? Әлде мектеп бітіру кеші жылдағыдай деңгейде өте ме? Білім басқармалары дүбірлі кештерін ұйымдастыруға тыйым сала ала ма?

Тоқсан ауыз сөзіміздің тоқетері, қоштасу кеші түлек үшін де, ата-ана үшін де тәрбиенің көрінісі болуы тиіс. Мазмұны мен негізгі сипаты «мамандық таңдау», «үлкен өмірге қадам басу», «ата-ана мен ұстаздардың сенімін ақтау», «болашаққа нық қадам» деген ұғымдар төңірегіне ауысуы керек. Әр елде түрлі форматта өтетін қоштасу кештерінен керекін алып, қажетсізін қайтару керек. Биылғы аттестат тапсыру рәсімі жылдағыдан өзгеше өтсе екен дейміз. Сіз келісесіз бе, оқырман?!

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

## СЕЛФИГЕ ТҮСУ СӘН БЕ, ӘЛДЕ СЫРҚАТ ПА?

Бір кездері «селфи» сөзі алғаш шыққанда барлығымызға таңсық болғаны сөзсіз. Ал қазір еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін селфидің не екенін біледі десек өтірік болмас. Себебі, күнделікті өмірде жиі естіп, жиі қолданып жүргеніміз белгілі. Тіпті, сол селфиге байланып қалған, былай айтқанда «селфисүйгіштер» мен сол селфи арқылы ақша тауып күн көріп отырғандар «селфилеткіштер» де баршылық. Шын мәнісінде, жұрттың селфиге құмартуының мәнісі неде? Бұл ұғым қайдан шыққан?

Селфи (ағылшынша self – өзі, өзін), басқаша фотоавторпортрет – камера мен айнаның көмегі арқылы өзін-өзі фотокамераға түсіру арқылы пайда болатын авторпортреттің бір түрі. Бір сөзбен айтқанда ұялы телефонның алдыңғы камерасы арқылы суретке түсу. Кей деректерде бұл термин 2010 жылы мобильді құралдардың дамуының пайда болуына байланысты қалыптасқан десе, басқа дереккөздерінде 2012 жылдары Facebook-те танымал болған сөз алғаш рет 2002 жылы Австралияда өткен бір форум-

да қолданылған делінген. Тіпті, 2013 жылы Оксфордтың танымал ағылшын тілі сөздігінде «Жыл сөзі» атанған деседі.

Алғаш ұялы телефон шыққан жылдары суретке түсіретін камера атымен жоқ еді, кейін артында камерасы бар суретке түсіретіндері шыға бастады. Ол кездері «соқыр селфиге» түсуге мәз болушы едік. Ал қазіргі технологиялардың шарықтау шегіне байланысты алдыңғы да, артқы да, одан қалса бір емес бірнеше камерасы бар ұялы телефондар шығарылып жатқанын байқаймыз. Алғашқы

селфилар елімізде Мой мир желісінде басталса, қазір Инстаграм, Facebook, Whatsapp желілерінен үлкен орын алып отыр.


2014 жылғы зерттеулерге сүйенсек, селфилардың 30 пайызы 18-24 жас аралығындағы жастарға тиесілі екен. Ал қазір, 40-50 жастағылардың да селфиге түсіп желіге жиі жүктеп жүр. Жалпы кез келген жастағы әр интернет қолданушы 1 рет болса да селфи түсіріп көреді. Бұл дегеніміз – селфиге тәуелділердің санының көбейіп жатқандығының көрінісі.

Себебі, ол бір сырқат секілді. Бір түсіп көріп, үйреніп алсаң, әр күніңді, әр ісіңді, әр жүріс тұрысыңды түсіріп келіп тұрады. Әлемдік деңгейдегі социологтар мен психологтардың айтуынша, селфиге күніне 1-2 түсіп, өзінің қажеттілігіне жаратса ол әдет, ал, егер 10 суреттен жоғары түссе ол аурудың бір түрі екен.

Әмина ЕРТАЙ,  
«Тұран» университеті  
журналистика мамандығының  
2-курс білімгері.

Елімізде 175-ке жуық жоғары оқу орнының 60-тан астамы Алматы қаласында болса, жастармен мерейі тасқан мегаполисте студенттер саны да өзге қалалардан басым. Сонымен қатар, бұл қалада ЖОО-ның ақылы бөлімдері теңге валютасымен орта есеппен 200 мыңнан басталып 1 млн. 500 мыңға дейінгі қаржыны талап етеді.

Енді оған күнкөріс мәселесі мен пәтер ақыны қоссаңыз, оқу ақысынан бөлек студентке ауылдағы қормалдарының қалтасынан айлық шығын ретінде 60 мың теңге қағылатынын есептеңіз. Студент бола тұрып, жұмысты не үшін қажетсінетіндіктері туралы интернет желісі арқылы біраз студентті әңгіме тартқанымызда, көпшілігінен: «Артық ақша студент-



## БІЛІМІНЕ ЕМЕС, ІЛЕТІНЕ СЕНГЕН СТУДЕНТ

тің қалтасына ауырлық түсірмейді» дегенге саятын пікірді оқысақ, енді бірі есімдері мен тұлғаның жеке ақпаратын анонимді түрде қалдыруларын сұрап, мына бір себептерді тізбелеп берді:

**#1 студент («Мега» ойынауық, сауда орталығы дүкенінде сатушы-кеңесші. 3-курс):**

— Осы орталықтың басқа дүкенінде 2 ай қызмет көрсеткенмін, мына жаңа дүкенге келгеніме 1 ай болды. Part-time уақытымен сабақтан соң жарты күнімді осында өткіземін. Сабақ үлгеріміме тигізер әсері жоқ. Негізгі міндетіміз клиенттерге тауарды ұсыну, жарнамалау және оның сауда жасауына барынша жағдай жасау. Айлық жалақымыз — 60 мың теңге. Ата-анам оқу ақысын төлеп жатқандықтан, салмақ салмауға тырысамын.

Бұл жағдай барша студенттерге таныс болса керек. ҚазҰУ деп аталатын алып қарашаңырақтың қалашығында құрбыммен келе жатқаныма, танысы кезіге кетіп, әңгіме барысында жұмыс іздеп жүргенін айтты. Танысына жаны ашыған құрбым «Бірінші курсқа келгенің кеше ғой, жұмыстың не қажеті бар?» дегені сол еді, үй іші жіберген ақшаны жеткізе алмай жүргендігін айтты. Қайбір шекесі шылқыған тірлік дерсіз, үй ішінің жеткен шамасы сол болар деген оймен, «Олар айына қанша ақша жіберуші еді?» деп едік, беті бүлк етпестен «90 мың» деді.

Мәссаған! «Айналып кетейін-ай, біз сол ақшамен 3 ай өмір сүреміз ғой» дестік құрбым екеуміз әлгі жерде. Қымбатшылықтың қақ орта-

сында жүргенімізбен, «үнем» деп үнемі айтатын ата-ананың жақсы лепесіне үйір болғанның еш зияны жоқ екеніне тағы бір көзіміз жеткендей болды.

Ал мына бір студенттің өз ойынша орынды өкпесін тыңдап, кімді кінәлі қылғандайсың?! Бұл тұрғыда 3 тараптың да (оқытушы, ата-ана, студент) біріне тигізген кесірі біріне олқылық болып жармасып отырғаны тағы бар. Қос қамқорымыз— әкешеге өкпе артудың жөнсіз екенін білсек те, жалақының бұл жерде рөлі басым. Бұны көрген баланың шыдап жүре алмасы анық.

Сосын да өз бетімен еңбек етуге шарасыздан бел буады: ұстаздар келіп студентті дәріс үстінде көре алмайды. Оқытушы біткен білім беру методикасына ептеп өзгеріс енгізсе,

«мәтіннен» жалыққан студенттердің мамандығына деген құлшынысы арттар ма еді?

**#2 студент (Ірі банктің бірінде кредит картасын сату жөніндегі кеңесші, call-оператор, 3-курс):**

— 450 мыңға жуық оқу ақысын төлейміз. Әр семестр сайын ата-анам шыр-пыр болып ақшаның басын ерең құрайды. Сондықтан ақшаның тым болмағанда 20-30%-ын өзім төлеуге тырысамын. Әке-шешеме ақыны бекер өтеп отырғандарын, ЖОО-ны бітірген соң бұл мамандықпен жұмыс атқара алмайтынымды айтуға қынжыламын. 2 пар лекцияда отырып, «Википедиядан» алынған мәліметті оқытушының зулатып оқуы шыққанын тыңдағым келмейді. Уақытымды зая кетіріп алудан

**Студент десе бір кездері қалтасынан табыла кеткен бақыр тиынмен қарын тойдырып қалуға тырысатын немесе қолы қалт етсе кітапханаға жүзіретін ізденімпаз адам елестеуші еді. Ал бүгінде басқаша: даяшы да – студент, ірі сауда орталықтарында қызмет көрсетуші де – студент, көлік жуатын көк шылқа жас та – студент. Әлбетте, жастайынан еңбекке араласқанның не айыбы бар дерсіз. Маңдай терімен адал нанын тауып жеп отырған есіл еңбегін де жоққа шығарғымыз келмейді. Десе де, дамылсыз оқып, дәрісханадан табылар шағында, көк қағазды көксетуге не мәжбүр етті деген сұрақ қылаң береді ойда.**

қорқамын. Одан да менің жұмысқа барар жолда оқытушының дәрісін интернеттен бір оқып алып, қызмет орнымда тәжірибе жинақтаған елдеқайда артық. «Құрғақ» теория кім-кімді де жалықтырады анық.

**P.S: Бір есептен – салдардан гәрі себепке жиі назар аударсаң, жоғардағы студенттердің жырын оқып, жөн-ақ дегің келеді. Тағы бір есептен – Мағжанның «...Мен жастарға сенемін» деген сөзіне ден қойсақ, жастарға оқудың ауадай қажеттілігі аңғарылатындай.**

**Осындайда, кезінде АҚШ президенті Джон Кеннеди айтқан мына бір сөз еске түседі екен: «Бізге өзімізде ешқашан болмаған дүниелерді армандайтын жастар керек» деп. Әсілі, бізге де сондай жастар керек-ақ, шамасы..?**

Д. БЕЙБИТ.

### БІЛІМ ОРДАСЫ

## Кәсіби мамандық таңдау – адамның болашағын айқындайды

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі – білікті ұстаздар қызмет атқаратын, кәсіби маман даярлауда тәжірибесі мол, әлеуметтік серіктестік мәселесі жоғары деңгейден көрініс тапқан ілгері де үлгілі, жаһандану заманындағы ұлттық бәсекеге қабілетті білім ордасы.

Колледжде Қазақстан Республикасының Кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес келетін материалдық-техникалық базасы құрылып, оқу кабинеттері мен шеберханалары талапқа сай жасақталған.

Оқу мекемесінде инновациялық талапқа сай IT-орталығы, цифрлық технологиялар және робототехника орталығы, StartUp – жас құрастырушылардың идеялары мен жобаларын ұйымдастыру, қолдау мен коммерцияландыруға арналған бизнес-инкубатор, Cisco Академия, WorldSkills Kazakhstan қозғалысы, «Smart-колледжі» электрондық құжат айналымының инновациялық жобасы енгізілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңартуда негізгі инновациялық тәсілдердің бірі болып модульдік-құзіреттілік тәсілі табылады. Колледж жетістіктері жылдан жылға арту үстінде.

Ағымдағы жылы

- Білім беру сапасын қамтамасыз ету Тәуелсіз қазақстандық агенттігінің шешімімен Талдықорған политехникалық колледжі институталды және мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлікке ие болды.

- Талдықорған политехникалық колледжі Алматы облысының «Дене шынықтыру мамандарын дайындайтын үздік оқу орны – 2018» номинациясына ие болды.
- Қазақстандағы көпсалалы колледждердің 2018 жылғы Ұлттық рейтингінде Талдықорған политехникалық колледжі ІІІ орынға ие болды.

- «Нұр Отан» партиясының Талдықорған қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Үздік бастауыш партия ұйымы» қалалық байқауында Талдықорған политехникалық колледжінің «ПАРАСАТ» Бастауыш партия ұйымы 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Алматы облыстық байқауында «Парасат» БПҰ екінші орынға ие болды.

- Талдықорған политехникалық колледжінің «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы – 2018» облыстық байқауын І орын алды.

- 2019 ж. Талдықорған жоғары политехникалық колледжі атауына ие болды.

Колледжде даярлықтың барлық бағыттары бойынша сапалы білім беру үшін қажетті

жағдайдар жасалған. Табысқа апарар жол осы жерден басталады, себебі біз қазіргі кезеңде қоғамға аса қажет болып табылатын бағыттардағы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау төмендегі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

- «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»
- «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану»
- «Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)»
- «Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)»
- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»
- «Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)»
- «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»
- «Электр және электромеханикалық құрылғыларды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу» (түрлері бойынша)
- «Дене тәрбиесі және спорт»
- «Кәсіптік білім беру (салалар бойынша) төмендегі салалар бойынша «Ауылшаруашылық өндірісін электрлендіру», «Ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру», «Құрылыс өндірісі», «Автокөлікті жөндеу және қызмет көрсету», «Есептеу техникасын бағдарламамен қамтамасыздандыру», «Есептеу машиналары», «Телекоммуникациялық жүйедегі электрбайланыс», «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану», «Тамақ өнімдерін өндіруді ұйымдастыру технологиясы»
- «Есеп және аудит (салалар бойынша)»
- «Экономика»
- «Қалдықтарды қайта өңдеу мамандықтары».

Еңбек нарығында мамандықтарға сұраныстар жылдан-жылға арту үстінде. Колледжіміздің бітірген түлектері оқу орнында алған білімдерін өз тәжірибиесінде іске асырып, ҚР білімді де, білікті маман иесі болып отыр. Осы мамандықтар бойынша өз арманын жүзеге асырғысы, жақсы кәсіби білім алғысы және өз ісінің нағыз маманы болғысы келетін заманауи техникалық білім алушы түлектерді колледжімізге оқуға шақырамыз.

**Д. ҚҰСАЙЫНОВА, Ж. НУРАШЕВА,**  
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушылары.

ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ №5 КІТАПХАНА ФИЛИАЛЫНДА 18 СӘУІР «ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ» КҮНІНЕ ОРАЙ «ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛДІГІМІЗДІң БЕЛГІСІ» АТТЫ ТАРИХИ САҒАТ ӨТТІ. ШАРАҒА №21 ОРТА МЕКТЕПТІң 8 «А» СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ, ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІ ҚЫЗМЕТКЕРІ АХМЕТОВ ЕЛДАР, КІТАПХАНА ОҚЫРМАНДАРЫ ҚАТЫСТЫ. ШАРАНЫ КІТАПХАНАШЫ А. НҰРСАҒАТОВА ЖҮРГІЗДІ. ШАРА ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІ ЖАНЫНДАҒЫ ШАҒЫН САЯБАҚТА АШЫҚ АСПАН АЯСЫНДА ӨТТІ.

## ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛДІГІМІЗДІң БЕЛГІСІ

Шараның мақсаты – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіру. Келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды болып өсуіне ықпал ету болды.

Шара Отан қорғаушыларға арналған «Даңқ» обелискісіне мектеп оқушыларының гүл шоғын қою рәсімімен басталды. Кітапхана қызметкері Г.Сейлханова оқушыларға Жетісу жері – тарихқа бай өлке екендігін, халқымыздың тарихынан, өр рухынан сыр шертетін, еліміз бен жеріміз үшін жанын пида еткен асыл ерлер мен батырларға, хандар мен билерге, ұлтымыздың біртуар перзенттеріне арналған ескерткіштер, Жетісу бойында жыл санап көбейіп келе жатқандығын, олардың тарихы туралы мәлімет берді. Ескерткіш – елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін айқындайтын құндылық екендігі айтылды. Барлық ескерткіштер адамдардың қамқорында болуы керек, мәдени-мұрамызды сақтап, оларға қамқор болу өр қазақстандықтардың міндеті екендігі аталып өтті.



## Дүйсенбі - Понедельник, 29 сәуір

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbilik tan»  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPAPARAT  
10.00 М/ф «Элвин мен алақоржындар»  
10.15 Т/х «Жаңа қоныс»  
11.00 «Арта»  
12.05 Т/х «ҮЗІЛМЕС ҮМІТ»  
13.15, 18.35, 03.55 «Konil tolqyny»  
13.35, 02.35 Т/х «Өмірдің өзі новелла. Қазыналы қарттар»  
14.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»  
15.25 «SHANYRAQ»  
17.20, 05.00 «MENIN QAZAQSTANYM»  
17.50 «Quzyq eken...»  
20.55 «QAREKET»  
21.50 Т/х «Саған сенемін»  
22.45 Т/с «Ертұғырыл»  
01.25 Т/х «Достар»  
01.50 Т/х «Жүрекке жол»  
03.25 «Ұлт мақтанышы»

16.55 «Пусть говорят»  
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
18.45, 03.00 Пендемиз ғой  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.45, 23.00 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»  
22.00, 02.15, 04.45 «П@УТИНА»  
00.40 Ночной кинотеатр «Зорге»  
01.30 «Мужское / женское»

### КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»  
09.30 «Юрмала»  
10.30 Х/ф «Страшная красавица»  
12.40 Х/ф «Под дождем не видно слез»  
14.30 Х/ф «Восточные сладости-2»  
16.35, 02.30 Т/х «Саодат»  
18.00 Т/х «Махаббат пен жаза»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00, 03.35 «Астарлы ақиқат»  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Х/ф «Приличная семья сдаст комнату»  
01.10 Т/х «Сүйікті Дениз»  
04.20 «Әйел қырық шырақты»  
05.10 «Керіпкел»  
06.00-06.30 «Мерекелік концерт»

### ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Апта (қаз)  
09.50 Өн әлемі  
10.00 Апта (рус)  
10.50 Спорт тайм (қаз)  
11.15 Полиция қызметі  
11.50 Өн әлемі  
12.00 Зерде  
12.50 Тарих  
13.00 Өн сырқайық  
13.50 К/ф «Менің атым Қожа»  
15.20 Білек пен жүрек  
15.55 Н.Нүсіпжановтың концерті  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
18.00 Шашу  
18.45 Organic Life  
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир  
20.00 Бай қуатты болайық  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Туржорық  
21.30 Новости  
22.00 Телесериал «Ақ күң»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»  
07.00, 20.00 Информбюро  
08.00, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері  
10.00 М/с «Маша и медведь»  
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым, кеш мені»  
14.30 М/с «Аладдин»  
16.00 Х/ф «Монстры на каникулах-2»  
18.00 Т/с «Отель Элеон»  
23.00 «Әзілдер жинағы»  
01.00 «WhatsApp?»  
02.00 «Келіндер бәйгесі»  
02.40 «Әзіл студио»

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00 «Айнаонлайн»  
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»  
09.00 Сериал «Дилетант»  
13.20 Сериал «Реквием для свидетеля»  
14.30 «Япырай»  
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»  
16.40 «Юморина»  
19.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»  
21.00 Лотерея 777  
21.05 Скетчком «Няня аға»  
21.40 Сериал «Шуберт»  
00.00 Сериал «СПЕЦОТРЯД «КОБРА 11»»  
01.10 «Смеяться разрешается»  
05.00 «Жеңіп көр»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «ЭН ДАРИЯ»  
06.40 «Той заказ»  
07.10 «TAMADA BATTLE»  
08.00 «Доброе утро»  
11.00 Сериал «Торгсин»  
12.00 «Қалаулым»  
15.00 Сериал «Лучше, чем люди»

## Сейсенбі - Вторник, 30 сәуір

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPAPARAT  
10.00 М/ф «Элвин мен алақоржындар»  
10.30 Т/х «Жаңа қоныс»  
11.15, 17.40 «Quzyq eken...»  
12.05, 21.50 Т/х «Саған сенемін»  
13.15, 18.25, 03.50 «Konil tolqyny»  
13.35, 02.35 Телехикая «Өмірдің өзі новелла».  
«Өмірге құштарлық»  
14.35, 19.10 Телехикая «ІЗДЕДІМ СЕНІ»  
15.25 «SHANYRAQ».  
17.15, 03.25 «Jan jyluu»  
20.55 «QAREKET»  
22.45 Т/х «Ертұғырыл»  
01.25 Т/х «Достар»  
01.50 Т/х «Жүрекке жол»  
05.05 Д/ф «Көшпенділер»

### ХАБАР

06.00 «Тамаша»  
07.00 М/с «Тобот»  
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.00, 19.00 Т/х «Тергеушілер»  
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»  
11.10, 22.20 Т/с «На крыльях любви»  
12.10 «Біздің назарда»  
12.30 «Алтын бесік»  
13.10 Т/с «Дом с лилиями»  
15.00 «Давайте говорить»  
15.45 Т/х «Батыл жүрек»  
16.45 «Мектеп»  
17.15 «Ұлы дала өркениеті»  
18.00 «Народный контроль»  
18.15 «Ережесіз әңгіме»  
20.00 Қорытынды жаңалықтар  
20.30 «Online»  
21.00 Итоги дня  
21.30 Т/х «Күләш»  
23.10 Международный турнир по MMA.  
Alash Pride. Трансляция из Алматы  
02.10 Т/х «Достық жәрмеңкесі»

### АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар  
06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30»  
07.00 Аружанмен бой жазу  
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»  
08.10 Разминка с Аружан  
08.20 М/ф «Маша и медведь»  
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»  
12.30 «Келін бақыты»  
13.30 «Ел аузында»  
14.00 Күндізгі жаңалықтар  
14.20 «MoneyTime»  
14.40 «ТенгеманияNext»  
15.00 Т/с «Склифосовский»  
17.30 «Ruh.kz»  
18.00 Т/с «Бір тұған»  
19.00 Т/х «№309»  
00.00 Т/х «Қара нан»  
02.00 Т/х «31-бөлімше»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Эн Дария»  
06.40 «Той заказ»  
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»  
08.00 «Доброе утро»  
11.00 Т/с «Торгсин»  
12.00 «Қалаулым»  
15.00 Т/с «Лучше, чем люди»  
16.55 «Пусть говорят»  
18.45, 03.00 «Кеш қалмайық»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.45, 23.00 Т/с «Секта»  
22.00, 02.15, 04.45 «П@УТИНА»  
00.35 Ночной кинотеатр «Зорге»  
01.30 «Мужское / женское»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»  
09.50 Новости  
10.30 Х/ф «Приличная семья сдаст комнату»  
14.30 Х/ф «Восточные сладости-2»  
16.35, 02.40 Т/с «Саодат»  
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00, 03.40 «Астарлы ақиқат»  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Х/ф «Счастье из осколков»  
01.20 Т/х «Сүйікті Дениз»  
04.30 «Әйел қырық шырақты»  
05.20 «Керіпкел»  
06.00-06.30 Мерекелік концерт

### ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Ем болсын  
10.20 Net.laik  
10.30 Бай қуатты болайық  
11.00 Телесериал «Ақ күң»  
12.00 Шашу  
12.50 Туржорық  
13.10 Док/сериал «Кровь на снегу»  
14.05 Концерт «Сағындырған әндер-ай»  
16.25 Д/ф «Күшіген»  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
18.00 Шашу  
18.45 Organic Life  
19.00 Тұжырым  
19.30 «Оқырман» әдеби клубы  
20.15 Net.laik  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Тарих парақтары Алматы  
21.30 Новости  
22.00 Телесериал «Ақ күң»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»  
07.00, 20.00 «Информбюро»  
08.00 «Әзілдер жинағы»  
10.00 М/с «Маша и медведь»  
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым кеш мені»  
14.30 М/с «Аладдин»  
15.30 Т/с «Воронины»  
18.00 Т/с «Отель Элеон»  
23.00 «Әзілдер жинағы»  
01.00 «WhatsApp?»  
02.00 Келіндер бәйгесі  
02.40 Әзіл студио  
04.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00, 19.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»  
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»  
09.00, 21.40 Сериал «Шуберт»  
11.15 «Смеяться разрешается»  
13.20 Сериал «Реквием для свидетеля»  
14.30 «Гу-гулет»  
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»  
16.40 Скетчком «Q-ЕЛІ»  
17.00 Х/ф «Келинка тоже человек»  
21.00 Лотерея 777  
21.05 Скетчком «Няня аға»  
23.50 Т/с «СПЕЦОТРЯД «КОБРА 11»»  
01.10 «KZландия»  
03.45 «Өз ойым»  
05.00 «Жеңіп көр»

## Сәрсенбі - Среда, 1 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.55, 11.40, 16.15, 17.35, 19.30, 03.05 «YNTYMAGY JARASQAN»  
10.00 «VI MEN BOLMYS»  
10.35 Концерт  
11.45 «Шынайы махаббат»  
14.00 «Өмірімнің көктемі»  
16.20 М/ф «Бэмби»  
17.40 «Айтыстың ақуы»  
19.35 «ARNAIY JOBA»  
20.00, 00.35 «AQPAPARAT»  
20.35 «AZIL ALEMI»  
22.45 Т/х «Ертұғырыл»  
01.05 «Жерұйық»  
03.10 «VI MEN BOLMYS»  
03.40 «KONIL TOLQYNY»  
04.40 «ARNAIY JOBA»  
05.05 «Көшпенділер»

### ХАБАР

06.00, 02.00 Өнұран  
06.00 «Тамаша»  
07.00, 10.00 М/с «Тобот»  
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.20 М/ф «Монстр в Париже»  
12.10 Концерт «Бір шаңырақ астында»  
13.10 Т/с «Журналистік зерттеу»  
13.40 «Өмір жолы»  
Құдайберген Сұлтанбаев  
14.20 Концерт «Бірлігіміз жарасқан»  
15.30 «5 Причин Не Влюбиться В Казах»  
17.15 Арман Дүйсеновтың шығармашылық кеші  
20.00 Қорытынды жаңалықтар  
20.30 Д/ф «Территория мира и толерантности»  
21.00 Итоги дня  
21.30 «КЕНЖЕ»  
23.30 «ДОСТЫҚ ЖӨРМЕҢКЕСІ»

### АСТАНА

06.00, 03.00 Жаңалықтар  
06.30, 03.30 Новости «20:30»  
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары  
07.10, 21.00 «Таңдауым сен»  
08.10 Разминка с Аружан  
08.20 М/ф «Маша и медведь»  
10.30, 20.00 Т/х «Абысындар»  
12.30 «Келін бақыты»  
13.30 «Ел аузында»  
14.20 «MoneyTime»  
14.40 «ТенгеманияNEXT»  
15.00 Т/с «Склифосовский»  
17.30 «Достығымыз жарасқан»  
18.00 «Бір туған»  
19.00 Т/с «№309»  
20.00 «Бірлігі жарасқан»  
00.00 Х/ф «Загадай желание»  
02.00 Т/х «Қара нан»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Эн Дария»  
07.00 «Тамаша City»  
07.50, 18.00 «Басты жаңалықтар»  
08.45 «Ұшқалақ»  
09.00 «Белые росы»  
10.45 «Лучше всех»  
12.00 «Қалаулым»  
15.00 «Добрый вечер Казахстан!»  
16.00 Х/ф «Роза и Чертополох»  
18.45 «Мерейлі отбасы»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.45 Т/с «Стандарты красоты»  
22.00, 02.10, 04.45 «П@УТИНА»  
23.00 Т/с «Стандарты красоты»  
00.35 «Зорге»  
01.30 «Вечерний Ургант»  
03.00 «Мерейлі отбасы»

### КТК

07.00 Өнұран  
07.05 «Халқым сүйген әндер-ай»  
09.20 «Юрмала»  
10.00 Х/ф «Под дождем не видно слез»  
12.00 Х/ф «Счастье из осколков»  
15.45 «Мерекелік концерт»  
16.50 «Алдараспан»  
21.00 «Брат или Брак-2»  
23.00 Х/ф «Я.Ты.Он.Она»  
00.50 «ZOR»  
03.40-06.30 «Алдараспан»

### ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Ем болсын  
10.20 Net.laik  
10.30 Тұжырым  
11.00 Телесериал «Ақ күң»  
12.00 Шашу  
12.50 Тарих парақтары  
13.10 Д/ф «Бейбітшілік қабырғасы»  
13.40 Өн әлемі  
13.55 Д/ф «Благодарност сквозь века»  
14.25 Концерт «Жасай бер Қазақстан»  
16.25 Д/ф «Бірлік және келісім өнері»  
17.00 К/ф «Жерұйық»  
19.00 Ұлт пен рух  
19.30 Құтты қонақ  
20.10 Д/ф «Тюркский мир новый расцвет»  
20.30 Арнайы репортаж  
21.00 Д/ф «Искусство единство и согласия»  
21.30 Спец. репортаж  
22.00 Телесериал «Ақ күң»  
23.00 Арнайы репортаж  
23.30 Спец. репортаж

### 31 КАНАЛ

05.40, 06.00 Т/с «Жігіттер»  
05.58 «ҚР ӨНҰРАНЫ»  
07.00 «Информбюро»  
08.00 Әзілдер жинағы  
10.00, 13.00 «Маша и медведь»  
10.30 «Шаншар, өнер қырандары күнделіктері»  
13.25 Х/ф «Странные чары»  
15.30 «Хоббит: Битва пяти воинств»  
19.00 «Алиса в стране чудес»  
21.00 «Алиса в зазеркалье»  
23.00 Әзілдер жинағы  
01.00 «WhatsApp?»  
02.00 Келіндер бәйгесі  
02.40 Әзіл студио  
04.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00 Т/х «Ата – ана. Бала – шаға»  
08.00, 03.00 Т/х «Элиф»  
09.00 «Юрмала»  
11.15 «Келинка тоже человек»  
13.20 Концерт «Ұлы дала бірлігі»  
15.00 «Өз ойым»  
16.40 «Q-елі»  
16.50 «Брат или брак»  
18.50 Лотерея 6/49  
19.30 Концерт  
21.00 Лотерея 777  
21.05 «Няня аға»  
21.40 Х/ф «Младенец на 30 000 000 долларов»  
00.10 Т/с «Спецотряд «Кобра 11»»  
01.30 «Смеяться разрешается»  
03.45 «Өз ойым»  
05.00 «Жеңіп көр»

## ҚҰЛАҚАҒЫС!

**50 ЖЫЛДАН KEЙІН KEЗДЕСКЕН**

**ЕҢ ЖЕК КӨРЕТІНІМ ДЕ, ЖАҚСЫ КӨРЕТІНІМ ДЕ – САҒЫНЫШ. СЕБЕБІ, ӘРКІМНІҢ, ӘР НӘРСЕНІҢ ҚАДІРІНЕ ЖЕТКЕНДЕ САҒЫНЫШ ПАЙДА БОЛАДЫ. ОЛ – ЖҮРЕГІҢ ҚАЛАҒАН УАҚЫТЫНДА ТАУЫП БЕРЕ АЛМАЙТЫН ҰЛЫ СЕЗІМ. АДАМНЫҢ ЖАСЫ ҰЛҒАЙҒАН САЙЫН, ДОСТАРЫ ДА ІРІКТЕЛІП, СИРЕЙДІ ЕКЕН. ОСЫ БІР СӨЗДІ БҰРЫНДАРЫ ӘКЕМ АЙТҚАНДА МЕН АСА ТҮСІНБЕЙТІНМІН. ЕНДІ БҮГІН ӨЗІМНІҢ ЖАСЫМ ҰЛҒАЙЫП, ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҚҚАННАН KEЙІН «АТАҒА ТУҒАН КҮН – БОТАҒА ДА ТУАДЫ» ДЕГЕНДЕЙ МЕНІҢ ДЕ АРАЛАСАТЫН АДАМДАРЫМ АЗАЯ БАСТАДЫ. ОЛ БІР ЖАҒЫ ТАБИҒИ ДА НӘРСЕ ҒОЙ, БІРАЗ ДОСЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТЕДІ, АМАЛСЫЗ АЖЫРАЙСЫҢ.**

Ал тірі жүргендердің өзі мінез деген бар, ықылас, ынта, мүдде деген бар, бұрынғыдай шашыла бермей, бір-біріне үйлесімі барлар ғана іріктеліп, байланысын жалғастырады екен. Соңғы жылдарда ауылдағы қатарластарым кеми бастаған соң, аудан орталығында тұратын досым, әскерде бірге болған қызметтес жолдасым, әрі түйдей құрдасым (екеуіміз де мамырдың бесі күні бір күнде туғанбыз) Жолдасбек екеуіміз жиірек араласып, бір жаққа барсақ, хабарласып, бірге барып дегендей, өте жақын жүрдік. Отбасыларымыз да араласып, шамалы уақыт озса, сағынғандай болып, кезектесіп бір-бірімізге барып, емен-жарқын отыруды тәртіпке айналдырған едік.

Бірде Жолдасбекке қазір дамыған заман, ғаламтор, небір қалта телефондары бар әскерде бірге болған достарымызды іздестіріп, тауып, кездесу ұйымдастырсақ деген ұсынысымды айттым. Ол да, оның жары Света да бұл ойымды қолдап, 2017 жылдан бастап іздестіру жұмысын бастап, біраз достарымызды тауып алдық.

Яғни, Ақсу, Қарабұлақ, Текелі, Панфилов әскери комисариатынан 1967 жылдың күзінде әскерге шақырылып, Чита 3 қаласындағы 29362 әскери бөлімінде бірге қызмет атқарған достарға іздеу салдық. Аталмыш үш ауданнан 120 бала болған едік. Іздестіру барысында 30 досымыз табылды. Бірақ олардың он екісі қайтыс болған екен. Қалған көзі

тірілерін кездесуге шақырдық. Кездесу орнын, уақытын белгіледік. Кездесу 2017 жылдың 14 мамырында Алматы қаласында өтетін болды. Кездесетін жерге сол күні Жолдасбек екеуіміз ертерек барып алдық. Біраз уақыттан кейін сол орынға бейтаныс адамдар жинала бастады. Барлығы да біз сияқты егде тартқан. Бір-бірімізді танымаймыз. Алматының адамдар көп жүретін жері «Сайрам» автовокзалының алды болатын. Біреулер өтіп жатыр, біреулер келіп, біреулер кетіп жатыр дегендей. Қолымызға қызыл шүберек байлап алайық деп айтуымыз керек еді деп күліп қоямыз. Сөйтіп сағынған достарымызбен қайта танысып, қайта табысып, абыр-сабыр болып қалдық. Кездесуге Ақсу ауданынан – мен Сейілхан Шатырбаев, Жолдасбек Қаниев, Әбілхан Найманханов, Сүйеубек Немеребаев, Талдықорғаннан – Үміткерім Торыбаев, Үштөбеден – Толқынбек Тұтқабеков, Панфиловтан – Мәулетхан Қоғамбаев, Иманжан Хаджалиев, Мауыт Аманбаев, Илахунов, Қарауылов (есімдерін ұмытып қалыппын), Ташкенттен – Марат Ұшыров, Алматыдан – Баубек Битекбаев, Амантай Сүлеев, Әбілқайыр Иманбаев, Талғардан – Сағи (тегі есімде жоқ). Осыдан кейін бір-біріміздің телефон нөмірлерімізді алып, әлеуметтік желіден (WhatsApp) топ ашып, хабарласып, қуаныштарымызды бөлісіп тұратын болдық.

**САРБАЗДАР**

Екінші кездесу былтыр күзде Мауытханның немересінің сүндет тойы, өзінің 70 жылдық мерейтойында Панфиловта болды.

Үшінші рет тағы да Алматы қаласында Әбілқайыр Иманбаевтың 70 жасқа толған тойында бас қостық.

Төртінші кездесу Басқанда берілген ас. Одан кейін Жолдасбек Қанаевтың үйінде тағы да басымыз қосылды. Соңғы кездесу биыл 9 наурызда Жансүгіров ауылында «Ақ Нар» мейрамханасында менің немеремнің үйлену тойында болды.

Алдымыз жетпіс жастың жотасына шығып отырғанда, «Неменеңе жетістің бала батыр, қариялар азайып бара жатыр. Бірі мініп келместің кемесіне, бірі күтіп әнекей жағада тұр» дегендей әрнәрсені сылтауратып, деніміз сау, басымыз аманда кездесіп, сырласып тұрғанға не жетсін. Қазірдің өзінде әңгімеміздің басында айтқандай, тауып алған жолдастарымыздың он екісі о дүниелік болып кетіп отыр. Олар: Ұлдахан, Қанат Машаев, Әлібек Оралбеков, Болысбай Мұхамеджанов, Текеліден Бекен, Витка Каржов, Мейраш.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, біздің іздестіру жұмыстарымыз әлі тоқтаған жоқ. Осы мақаланы оқыған, осы әскери бөлімде болған азаматтар болса, 8 777 529 96 00 Сейілхан Шатырбаев немесе 8 702 944 50 20 Жолдасбек Қаниевтің телефондарына хабарласуларын сұраймыз.

Ендігі кездесу 5 мамырда туған достарымыздың құрметіне орай Баубектің ұйымдастыруымен 26 сәуірде Алматы қаласында «Шахин Чак» кафесінде сағат 7.00 де болады. Тағы да

табылмаған достарымыз осы мақаланы оқыса осы күні аталмыш кафені бетке алып, біздің жетпіс жылдық тойымыздың қуанышында бірге болуға жазсың.

Енді әңгімеңді осы 5 мамырда дүниеге келген достарымызға арнап жазған өлең жолдарымен қорытындылайын.

**МАМЫРДЫҢ 5-І КҮНІ ТУҒАНДАРҒА**

Қол созып қиялдағы нұрлы арман,  
Кім жеткен арманына бұл жалғанда.  
Құттықтап біреу шумақ жыр құрадым,  
Мамырдың бесі күні туғандарға.

Қалайсыңдар менің түйдей құрдастарым,

Келмейді өздеріңді құр мақтағым.  
Бір естелік болсын деп туған күннен,  
Осылай өлеңдермен шумақтадым.

Бір күнде туған екен Баубек жұбайымен,

Жасапты осы тойды жыр-әнімен.  
Жолдасбекте келіпті Жансүгірден,  
«Қайдасыңдар достар» деген ұранымен.

Үміткерімнің жұбайы Кәміш ханым,  
Жолдасгардан ешқашан қалыспаған.  
Бір күнде тудық бүгін бәріміз де,  
Келеді туған күнмен құттықтағым.

Әбілхан да осында Қызылтаңнан,  
Бізге ұқсап ол да дәл бүгін туған.  
Бала кезде ауылдың шаңын жұтып,  
Асық атып, тай мініп, қыздар қуған.  
Өмір өзен орнында тұрмас сірә,  
Алла бізге сыйлапты бұл жасты да.  
Жетпістен, сексен менен тоқсанды өтіп,

Тойлайық бірге отырып жүз жасты да.

**Сейілхан ШАТЫРБАЕВ.  
Жаңалық ауылы.**

**«КОВОРКИНГ» ОРТАЛЫҚТАРЫ**

**«АДАМДЫ АДАМ ЕТКЕН – КІТАП, АДАМЗАТ ЕТКЕН – КІТАПХАНА» ДЕП ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ РУХАНИЯТ ОРДАСЫНЫҢ БАҒАСЫН БЕРГЕН ЕДІ. ИӘ, ДӘУІРДЕН ДӘУІРГЕ, ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА АДАМЗАТТЫҢ ЖЫЛНА МАСЫН ЖЕТКІЗІП, ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМДІЛІКТІҢ ОРДАСЫНА АЙНАЛҒАН КІТАПХАНАЛАР – РУХАНИЯТТЫҢ ОРДАСЫ. АЛАЙДА, САНАНЫ КОМПЬЮТЕР БИЛЕГЕН ЗАМАНДА КІТАПҚУМАР ЖАСТАР СИРЕП БАРАДЫ. СОНДЫҚТАН, ЖАС ҰРПАҚТЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛЫП, КІТАПҚА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН АРТТЫРУ БАСТЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ. ОСЫ РЕТТЕ, ЕЛБАСЫНЫҢ «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ӨСКЕЛЕҢ ЖАСТАРДЫ КІТАП ОҚУҒА ЫНТАЛАНДЫРАТЫН БАСТАМАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА. СОЛ НЕГІЗДЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КІТАПХАНАЛАРЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ КІТАПХАНАСЫН» ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА «КОВОРКИНГ» ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ.**

**КІТАПХАНА - ЗИЯТКЕРЛІК ДЕМАЛЫС ОРДАСЫ**

Кітапхананың бұл қызметі қызмет көрсету деңгейін еуропалық тәжірибеге негіздеу мақсатында қолға алынуда. Кітапханалар, оның ішінде қалалық, аудандық, ауылдардағы кітапханалар жүйесін жаңғырту, заманауи құрылғылармен жабдықтап, цифрлы жобалар енгізу – бүгінгі күн талабы. Коворкинг орталығы – аймағымыздың кітапханалары үшін, жаңа пайдаланушыларды тартуға және жаңа жұмыс түрлерін енгізуге мүмкіндік беретін технологиялық орталық. Оқырмандар үшін оңтайлы жүйеге ауысып, «Коворкинг» орталықтарының жаңа келбеті жақсы көріну үшін С. Сейфул-

лин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен «Коворкинг» орталықтарына құрал-жабдықтарды табыстау рәсімі өтті.

Алғашқы құттықтау сөз Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысының орынбасары Жақыпбекова Әлия Әлімжанқызына берілді. Ол өз сөзінде «Коворкинг» орталығының тиімділігін нақтылап айшықтауға баса назар аударудың мақсатын түсіндіріп, облыстың барлық аудандарынан келген кітапханашыларды тынбай еңбек етуге шақырды. Сондай-ақ

аудандарға құрал-жабдықтарды табыстады. Ал С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының директоры Тоқбаева Ғалия Сламбайқызына өз сөзінде облыс кітапханаларында «Коворкинг» орталықтарында атқарылып жатқан маңызды жұмыстарды жүйелесе, Қарасай аудандық кітапханасының директоры Ұлдархан Қаханқызы Өтеева аталған орталықтарының тиімділігі туралы баяндама жасады.

Сонымен бірге шара барысында ән әуелеп, күй күмбірледі. Сүйінбай атындағы филармонияның өнерпаздары – ҚР мәдениет қайраткері, әнші Кенжекей Ақжолованың

орындауында халық әні «Ақсұңқар», ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бақберген Асқарбековтың орындауында Жаяу Мұсаның әні «Көгершін», Қазақ өнерінің қайраткері Эльмира Дауренбекованың орындауында Кенен Өзірбаевтің әні «Шырқа даусым» шырқалды.

Ағылшын тілінен аударғанда «бірге жұмыс істеу» деген мағына беретін «коворкинг» орталықтары бос уақытын тиімді өткізетін және шығармашылықпен айналысуға қолайлы алаң болады деп сенеміз. Кітапхана зияткерлік демалыс ордасы болуы қажет.

**Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**



# Алакөл Асыл жылқысы

**ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ МАЛМЕН БІРГЕ. «МАЛЫМ – ЖАНЫМНЫҢ САДАҒАСЫ, ЖАНЫМ – АРЫМНЫҢ САДАҒАСЫ» ДЕЙТІНІ СОНДЫҚТАН. ТӨРТ ТҮЛІКТІ ӨРБІТІП, 90 МЫҢ ЖЫЛҚЫ АЙДАҒАН ҚИССА-ДАСТАНДАРДАҒЫ ҚАРАБАЙ МЕН БАЙБӨРІЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДА, ТІПТІ МАЛЫНЫҢ КӨПТІГІНЕН САНЫНАН ЖАҢЫЛЫП, СУАТҚА ТҮСІРГЕНДЕ ӨЗЕН-КӨЛДЕРДІҢ СУЫ САРҚЫЛЫПТЫ ДЕГЕН АҢЫЗ БЕН ӘПСАНАЛАРДЫ ТЫҢДАП ӨСТІК. ЕНДІ, МІНЕ СОЛ АҢЫЗДАР ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛА БАСТАДЫ. БЕЛГІЛІ МЕЦЕНАТ «ZHERSU» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ӨНДІРІСТІК КОРПОРАЦИЯСЫ БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ БАУЫРЖАН КЕҢЕСБЕКҰЛЫ ОСПАНОВТЫҢ «ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС-НЫ КӨЗБЕН КӨРІП, ТАҢДАЙ ҚАҒЫП ҚАЙТТЫҚ.**

«Мариям» деп аталатын, күншығысқа қарай бет алатын қыстаудың бір шеті, бұрынғы (Берілітөбе ауданы) аталған қазіргі Сарқан ауданына қарасты «Матай», «Лепсі» аймағымен шектесіп жатыр. Осы құмды өңірде Қамбар ата тұқымын асылдандыру мақсатында бес мың бас жылқы өсіріп отырған шаруашылықтың тыныс-тіршілігімен таныстық. Болашақта жылқы басын 25000-ға жеткізуді көздеп отырған «ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС-дағы үйір-үйір жылқыларды көріп, көзін сүйінеді.

Қолына құрықтарын сүйретіп, ат құлағында ойнаған жылқышылар өткен жылы құлындаған биелердің төлдерін, яғни еркек тайларын бөліп, сұрыптауда. Бүгінде кезектесіп бағатын жылқышыларға бөліп беріп, ентаңбаларын салып жатқанда бардық. Аналығын өсіріп, аталығының іріктелгенін етке өткізу жоспарға алыныпты.

Бұл үшін Жапония мемлекетінен келген арнайы делегациямен келісімшарт жүргізіліп жатқанын айтқан «ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС директоры Дүйсен Қоспанов: «2016 жылғы төлдердің күйі жақсы, Алла сәтін салса, шетелге ет экспорттаудың алғы шарты алдағы уақытта жүзеге асырылады» – дейді. «Ішсең қымыз, жесең ет, мінсең көлік» болатын жал-құйрығы сүзілген, қамыс құлақты жануарларды асылдандыруда «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтымен тағыз қарым-қатынас орнатқан. Шаруашылық 20 мың бас жылқының алғашқы 10 мың басын бірінші кезеңге жоспарлапты.

«Ғылыми жүйемен жылына орташа есеппен екі жарым мың бастан қосылып отыру керек. Одан әрі етке әрі сауын бағытында қымыз өндіріп, одан да түрлі тағамдар жасап, нарықтық сұранысқа бейімделуді көздейміз» – деген меценат Бауыржан Оспановтың пайымдауынша үлкен жұмыстар атқарылмақ. Жылқыларды сұрыптау үшін арнайы орталыққа айдап әкелгендерін айтты. Былтыр бөліп алған тайларға биыл тағы бөлінгендерді қосып, толықтырып, еркектерін айғырға шығып кетпес үшін тарттырып, іріктеуде. Мал басын көбейту барысында көрші Ресейден және Қазақстанның Маңғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан жылқылар сатып алынғанын және биыл да сырттан алты жүз бас жылқы сатып алатындарын айтты. Оның бес жүзі – ұрғашы, жүзі – еркек. Ресейден әкелінген Алтай, Барнауылдан әкелінген таза қанды жылқылар мен қазақстандық жылқыларды шағыстырып, мал тұқымын



асылдандыруда үлкен жұмыстар жүзеге асырылуда.

Мал басының көбеюі үшін бірінші оны бағатын жылқышыларға бар жағдай жасалу керек. Осы мақсатта «Мариям» қыстауынан 80 шықырымдай жерде, жатақхана салынуда. Сәуір айынан бастап қарқын алып, тамызға дейін бітіруді жоспарлап отырған орталық еуростандартпен салынып жатыр. Бұл жатақхана малшылар жуынатын душ, ыстық су, суық су, әжетхана, кинотеатр, кітапхана, кір-қоң жуатын орындармен толық қамтылады. Әр жылқы басына 1000 теңгеден еңбекақы төлеп отырған шаруашылықта жылқышылардың бар жағдайлары жасалған.

Мәселен, бір табында төрт жылқышы болса, олар кезектесіп екі-екіден вахта тәртібі бойынша бағады. Он бес күн бағып он бес күн демалады. Әрі өздері де 100 басқа дейін жылқыларын өсіруге рұқсат берілген. Жем-шөп, барлығы шаруашылық есебінен. Әрі малдары да шаруашылық есебінен тегін асылдандырылады. Бір табында 550-700-800 бас жылқы болса, әр басына 1000 теңгеден шаққандағы табысты төрт жылқышыға бөліп көріңіз.

Біз барған наурыз айында қыстан қысылмай шыққан жылқылардың қоңын көрсеткен шаруашылық басшысы, тебіндеп жайылған аяқты малдарды асылдандыру арқасында бораны үзілмейтін, қысы суық аймаққа үйренісіп кеткен. «Алтай, Барнауыл өлкесінен әкелінген жылқылардың Жетісу өңіріне жерсініп кетудің өзіндік себебі бар. Ресей өңірінің қысы қатал, жазы салқын. Ал, бұл

өңірде ондай қатты қыс болғанның өзінде бұл малдар төзімді келеді. Әрине, бір жерден екінші жерге ауысқанда бейімделу болады. Шығынсыз болмайды» – деген Бауыржан Оспанов жылқыларды асылдандырудағы басты мақсат қазақ жылқыларының ірілендіруді қолға алғанын баса айтты. Ет пен сүт бағытындағы бұл жылқылардың құрамында алтайлық, барнауылдық және Қазақстанның батыс аймақтары Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан өңірлерінен әкелінген жылқылармен будандастыруда. Мәселен, тұқымынан жорғалығы үзілмеген жылқыларды бір бөлек сұрыптаса, ақалтеке, бәйге және спорттық ойындарға қатысатын жылқылар бөлек күтімге алынған. Жығылсаң жалын төсейтін жануарлардың сапасын арттыру мақсатында қыруар жұмыс жүзеге асуда. Жазы ыстық, қысы суық болатын Алакөл аймағына шыдас беретін, жерді тебіндеп жайылатын, ет пен сүтті мол беретін, қоюлығы мен дәмділігін сақтай отырып, қазақ жылқыларын әлемге әйгілеуде ғалымдармен бірлесіп жұмыс атқаруда. Жергілікті аналық жылқылардан өткен жылы жүз басқа 82% құлыннан алынса, сырттан әкелінген жылқылардан 50%-дан төл алынған. Ал сырттан әкелінген жылқылардың төлді аз беруіне олардың жерсініп, бейімделуден өтулері себеп болған.

**Бауыржан Кеңесбекұлы ОСПАНОВ, «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясы бақылау кеңесінің төрағасы:**

– 20 мың бас жылқы өсіруді көздеп отырмыз. Соның алғашқы кезеңі – 10 мың басқа көбейту. Бұл жылқылар өздері тебіндеп жайылады. Мұнда жорға

жылқылармен жеке жұмыс жасаудамыз. Мынандай құм далада, үйір-үйір жылқылардың күйін көріп тұрсыздар. Бүгін-ертең барлық жылқыларды іріктейміз. Екі жасар байталдарды бөліп, 2016 жылғы бөлінген үш жасар байталдарға қосамыз. Орташа табында 600 биеден 800-дің аралығында. Жастарымен санайтын болсақ 8-9 табын болады. Ең бірінші мақсат, үлкен проектті 20 мың асыл тұқымды жылқы өсіру. Құдай қаласа, соған жету мақсатында ғалымдармен бірлесудеміз. Бұл ет пен сүттің бағытында.

Бұдан бөлек, мініске арналған жорғалар, ағылшын, ақалтеке жылқыларын да өсірудеміз. Асылдандыру барысында кезіндегі кеңестік дәуірдегі ауыр салмақты жылқылар мен «Мұғалжар» жылқысы бар. Былтыр мұғалжарлық 60 бас айғыр әкелінді. 100 ауыр салмақты жылқылар сатып алынды. Бұдан бөлек аталығы бар, аналығы бар 130 жылқы тағы алынды. Бұлардың барлығы ет пен сүт бағытына арналған. Ғалымдарды жұмылдыра отырып, қазақы жабылардың көбейтсек деген ауқымды жоспарымыз бар.

Ресейден, Қазақстанның өр өңірінен әкелінген жылқыларды асылдандырып, жерсіндіруге күш жұмылдырып жатырмыз. Тебіндеп, өз тамақтарын жайылып жүріп тояттайтын әрі күйлі, құлындайтын, сүтті, етті мол беретін, қазақ брендінің сапасын сақтап қалуды мақсат тұтудамыз. Мұнда жылқының бойын өлшеп, санын артыру ғана емес, салмағы мен сапасын арттырып, денсаулығы мықты жылқыларды өсіретін боламыз. Әр табында төрт-бес жылқышыдан бар. Бақташылар жылжымалы вагонда тұрады.

**Амангелді ТҰРАБАЕВ, Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі:**

«Қазіргі кезде Қазақстанда отандық төрт жылқы тұқымы бар, оларды шығу уақытына қарай айтатын болсақ бірінші халқымыздың төл жылқысы – қазақы тұқым. Қазақы жылқы



тұқымының ішінде етті, мығым денелі қазақы жабы жылқысы, Маңғыстау, Атырау облыстарында өсірілетін жеңіл типті «Адай» жылқысы және кейін ғалымдармен апробациядан өткен зауыттық тип жылқылары кездеседі. 1951 жылы шығарылған спорттық бағыттағы «Қостанай» тұқымы, ет-сүт бағытындағы 1976 жылы шыққан «Көшім» тұқымы болса, кейін 1998 жылы шыққан Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда облыстарында шығарылған «Мұғалжар» тұқымын айтуға болады.

Қазақстанның жылқысын зерттеген профессор Ю.Н. Барминцев кезінде Алматы облысының шығыс жағындағы шекара аймағында өсірілетін жергілікті қазақы жылқының бір түрін «найман жылқысы» деп бөліп атаған екен. Найман жылқысы туралы 1896 жылы И. Мердер мен В. Фирсов «Русская лошадь в древности» деген мақалаларында да жазған.

Енді Алматы облысының Алакөл ауданында өсірілетін аласа бойлы, тірідей салмағы 400 килограмнан аспайтын, бірақ таулы-тасты жерлерге жүруге икемді, мемлекеттік шекара бойын аралауға жүріс беретін, жергілікті жерге жақсы бейімделген, семірген кезде сойыс шығымы 56-58%-ға дейін құрайтын жергілікті қазақы



өсіру. Осы мақсатқа жету үшін бірінші барлық зоотехникалық селекциялық шараларды (биелерді сәуір айында жаппай құлындату, әрбір жас тұқымдық айғырларға тек іріктелген байталдар салып беру, жылдағы құлындардың барлығы азотпен таңбалану, ата-тегі мен өнімдік көрсеткіштері толтырылып тұру, құнды тұқымдық айғырларға GPS трекер қондырғылар пайдалану, жылқы басы АТЖ (ИАС) бағдарламасына енгізу, жыл сайын қазан, қараша айларында бонитировкадан өткізу, т.б.) жолға қоюдан басталды.

Елімізде 180 миллион гектар жайылымдық жерлердің тек 45-50



жылқыны өлі де «найман жылқысы» ретінде арнайы мемлекеттік статус алуға асықпай келеміз.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өртүрлі себептерге байланысты мал шаруашылығында асылдандыру жұмыстары артта қалып, малымыздың тұқымдық деңгейін түсіріп алдық. Міне осы олқылықты жолға қою – қазіргі кезде әрбір қазақтың міндеті деп білемін.

«Қайыңды» жылқы шаруашылығында асылдандыру жұмысын жолға қою 3-4 жыл бұрын басталған-ды. Бірінші шаруашылықта өсірілетін жылқы табындарын тұқымына, өнімділігіне, типтілігіне қарай іріктеп, үйірдегі айғырларға көңіл бөліне бастады. 2017 жылы Қарағанды облысы «Шолақ Еспе» жылқы шаруашылығынан «Мұғалжар» тұқымының 60 бас жас айғырлары сатып алынып, әрқайсысынан үйірлер топтастырылды. Биыл Ресейдің Алтай аймағынан «Новоалтай» тұқымының асылтұқымды 100 бас еркек тайлар сатып алынды. Қазір жергілікті жерге бейімделу кезеңінен өтіп жатыр. Бұл тайларды сатып алудың басты мақсаты – жастайынан жерімізге бейімдеп, 4 жасында жергілікті биелермен жұптастырып, сіңіре будандастыру арқылы II және III ұрпаққа дейінгі будан төл алып, кейін осы будандарды «өзіне» өсіру арқылы жергілікті жылқылардың өнімділігін жоғарылату.

Қазір осы ауданда жаңа өнімдік бағытта «ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС жылқы шаруашылығы ұйымдастырылып, «Қайыңды» ЖШС жылқы шаруашылығынан жергілікті қазақы жылқыларын сатып ала бастады. Басты мақсат – осы өңірде тірідей салмағы жоғары, ет-сүт бағытындағы асыл тұқымды жылқы басын көбейтіп

миллион гектар ғана пайдаланылып келеді, қалғаны иесіз, иен далада бос жатыр. Жайылымды тиімді пайдаланудың бір жолы – жылқы басын көбейтіп, далалы, шөлді, шөлейтті жерлерді игеру керек. Жылқы жануары қой, сиыр тіршілік ете алмайтын жерге



де барып тіршілік ете алады.

«ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС жылқы шаруашылығында өнімдік бағыттан басқа ерекше спорттық бағытта «Қазақ жорғасын» шығару жолында жұмыс жасаудамыз. Қазақы жылқының ішінде бойында жорғалық белгісі бар табыннан биелер іріктеліп алынып, Еуропа елдерінен әкелінген, елімізде жорға бейгелерінен жүлделі орын алып жүрген айғырлардан I ұрпақ будандары алына бастады. Келешекте осы будандардан III – IV ұрпаққа дейін

төл алып, тек жорға қасиеті бойына бекіген «қазақ жорғасын» шығарсақ деген мақсатты алға қойып отырмыз.

**Дүйсен ҚОСПАНОВ; «ALAKOL ASYL ZHYLKISY» ЖШС жылқы шаруашылығының директоры:**

Қазір жылқы басы 5 мыңдай бар. Олар сегіз табынға бөлінген. Әрқайсысында 4-5 адамнан, жалпы қырықтай жылқышы бар. Шоғырланған жылқылардың арақашықтығы 15-20 шақырымдай болады. Әр жылқыда нөмірленген таңбалары бар. Егер жылқылар қосылып кеткен жағдайда бір-біріне хабарласып, жылқыларын ажыратып алады. Алыс дегендерінің арақашықтығы – 60 шақырым. Қаратаудан бері Қызылқайыңға дейінгі аралықта жайылады. Болашақта мал жайылымын ұлғайту жоспарда бар, Алакөлмен шектесіп жатқан Ақтоғайға дейін бос жатқан 200 мың гектар жерді алдағы уақытта мал басының өсуіне байланысты игерсек деген ниеттеміз. Қазіргі кезге 60 мың гектар жерде жайылып жүр. Жылқышылардың жағдайы жақсы. Әр басқа 1000 теңгеден төлейміз. Әр топта 500-600-800-дей жылқы табыны бар. Вахталық жүйемен бағатын жылқышылар өздері біледі, жандарына көмекші алам десе алады. Біз жылқы басына есептеп айлық төлеп отырамыз. Олар «Газ-66» жылжымалы вагонда тұрады. Жылқыға қай жер ыңғайлы, қай жерде жайылым жақсы сол жерде бағады. Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының Амангелді Тұрабаев деген профессор бізге ай сайын келіп тұрады. Сол кісімен жұмыс жасап жатырмыз. Өзіміздің



қазақтың жылқысы төзімді келеді. Бірақ кішілеу келгендіктен Ресейден «Новоалтай» тұқымды айғырлар әкеліп, ірілету жұмыстарын жасаудамыз. Қазірдің өзінде Мұғалжардан 100 бас еркек құнандар алып келдік. Алдында 60 бас алып келгенбіз. Қазіргі жоспарымыз ірілету болғандықтан, осы мақсатта жұмыс жасаудамыз.

Суретті түсірген ҚР Мәдениет қайраткері, Журналистер одағының мүшесі Ж. ТУРЛУБЕКОВ.

## ТҮЙІН:

«Ер қанаты – ат» еді, Жақындатқан алысты. Жарауы келсе жануар, Қыздырған бөйге жарысты. Ерін басқа жастанып, Айылыңды босатпай, Ерлер мінген намысты. Қадіріңді кеш біліп, Тарихыңмен бұл қазақ, Кеште болса танысты» – деп, жылқыға арналған аламан айтыста осылай толғаныппын. Қазақтай көреген халық қайда бар, ат болатын құлынды желісінен танып, желдей ескен жүйріктің екпінін шамалап, тұлпарды тұрқынан, сұңқарды сұрқынан таныған ғой. Егесте ердің серігі болған, қайшы құлағын қайшылап шапқанда, тұяғының тиген жері ор болып қазылып, жанарынан от шашып үйірін қасқырға бермес небір айғырлар жайлы аңыздар бар. Ол ол ма, соғыс жылдары, қазақ даласынан майдангерлерге апарған текті жылқылардың туған өлкесіне қайтып келгені туралы тарихи оқиғалар өлі күнге ел жадында. Ол туралы кітап та жазылды. Тізбелей берсең, Сейітбаттал мінген сары атты, Қарабек мінген қара атты, Ерқосай мінген торы атты, Қамбар мінген қасқа атты, Ертарғын мінген тарланды, Алпамыс мінген шұбарды, Ақан мінген құла атты, Қабанбай мінген қу басты айтуға болады. Осындай жылқылар Күреңбайдай сыншылардың көзіне шалынған. Қыл құйрығы мен жалы қобызға ішек және қыл арқанға жараған, еті мен сүті адам денсаулығына зор тағам болған, қасқа тісі күректей жануарды бүгінгі қазақ машинаға айырбастап жіберді.

Ауыздықпен алысқан, Жануарым ойқастап. Кең алатын құлашын, Шапқан сайын жай тастап. Дертке шипа қымызың, Бағдарласаң ой тастап. Талғай білмей тағамын, Талғамы зор бұл қазақ, Арзанға жүр айырбастап. Қамар ата қаділім, Қарабай жоқ баяғы, Мыңдап жылқы айдаған. Желіге құлын байлаған, Ойсыл қара орманым, Бұланбай жоқ бүгінде, Бес мың түйе өргізіп, Көштің көркі түйе деп, Жабу жауып сайлаған. Бұл қазаққа мал бітсе, Базарға сатып ұсақтап, Одан қалса пышақтап, Қазысы мен қартасы, Қазаныңда қайнаған. Некен-саяқ баптаушы, Сусындатқан бұлақтан. Сұлы беріп сүтпенен, Турап берген құрақтан. Машина артық болып тұр, Арғымағың пырақтан. Ойсыл қараң ойсырап, Жантақ жеп жүр жырақтан. Арақ қымбат өзезіл, Қымызбенен шұбаттан. Белдемесі қанат болған, қаз мойынды жануар өз үйірін пір тұтып, басқа үйірге шаппаған. Қасиетіне кір жұқтырмай, тектілігін сақтаған киелі жылқы малын 20 мыңға жеткізуге бел буған белгілі меценат Бауыржан Кеңесбекұлы Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Амангелді Тұрабаевпен бірлесе отырып, ет пен сүт бағытындағы қазақы жабыларды көбейтуді басты мақсаттары тұтқан. «Әрі жоғарыда ғалымдардың зерттеулерінде айтылғандай кезінде жергілікті жерде өсіп-өнген жылқы малдарының атауларына қайта оралып, оларды ғылыми үлгіде өсіріп және зоотехникалық тәжірибемен ұштастырып, қазақты тұқымды көбейтетін боламыз» – дейді!

Айтақын МҰХАМАДИ

На необъятных просторах современного музыкального искусства Казахстана появляется ряд уникальных композиторов, так называемых в народе «композиторами-самородками». Порой они творят такие чудеса, что поражают всех своих поклонников великолепием художественно-поэтических открытий, невольно заставляя слушателей окунуться в сотворенный ими живительно-прекрасный, неисчерпаемый мир музыкальных звуков.

Осмысление значимости, содержательной наполненности и глубинной сути сочинений таких композиторов привело к тому, что их творения, притягивающие к себе беспрецедентный успех, как у широкого слушателя, так и у музыкальной элиты, представляют общекультурную, общеобразовательную, общечеловеческую ценности и становятся важным определяющим критерием духовно-художественного, нравственно-эстетического уровня развития человека.

Именно таким талантом, напеченным исконно казахской народно-традиционной песенностью, обладает наш современник – сазгер, композитор Муратхан Солтанбаевич Егинбаев. Большой знаток и восторженный ценитель, непревзойденный исполнитель и искусный интерпретатор песенного наследия народных, народно-профессиональных и современных композиторов, создатель глубоко



## ЩЕДРЫЙ ТАЛАНТ КОМПОЗИТОРА МУРАТХАНА ЕГИНБАЕВА

национальных, высокохудожественных сочинений – так характеризуют современники творческий облик композитора Муратхана Егинбаева.

В этом году Муратхану Егинбаеву исполнилось 80 лет со дня рождения. Учитывая, его большие заслуги и огромный вклад в развитие музыкальной культуры современного Казахстана, управлением культуры и центром народного творчества Алматинского областного акимата был организован I Республиканский конкурс певцов-вокалистов «Сәйгілік», посвященный творчеству композитора Муратхана Егинбаева.

Конкурс был проведен 4-5 апреля 2019 года во дворце культуры им. И. Жансугурова г. Талдыкоргана. Цель конкурса – сохранение наследия и пропаганда музыкального творчества композитора. Согласно положению конкурс проходил по 3-м номинациям. 1-я номинация – исполнение песни в народно-традиционном жанре, 2-я номинация – исполнение песни в сопровождении оркестра казахских народных инструментов, 3-я номинация – исполнение песни в эстрадном жанре.

Будучи свидетелями такого события, тут следует отметить, что подобный конкурс певцов-вокалистов в жанре народно-традиционного стиля проводится в масштабе республики впервые. В Казахстане имеются ряд учебных заведений, готовящих специалистов-исполнителей традиционного пения в консерватории, университете искусств, а также в музыкальных колледжах, что подтверждает развитие данного жанра. Данный конкурс вызвал большой интерес. Сюда съехались участники в количестве 30 человек, в основном молодежь, как профессионалы, преподаватели и студенты с разных регионов республики, как с городов Нур-Султан, Алматы, Карагандинской, Павлодарской, Жамбылской и Алматинской областей.

5 апреля 2019 года состоялся праздничный гала-концерт участников конкурса, в зале Дворца культуры. Лучшие исполнители получили награды, дали концерт из лучших произведений М. Егинбаева.

Награды и звания лауреатов конкурса получили по номинациям: «Народное и классическое пение» 3 место – Е. Макарабеков (Караганда); Ф. Жакиш (Нур-Султан); А.Сағындык (Алматинская область);

2 место – Е. Нураш (Нур-Султан); К. Тундебаев (Талдыкорган); 1 место – У. Аглакова (Алматинская область); Д. Муратхан (Алматинская область). Номинация «Эстрадная песня» 3 место – А. Казыбек (Алматы); 2 место – Б. Бешенкызы (Алматы); А. Тойлыбаев (Алматинской области); 1 место – А. Ахманова (Алматинская область). Номинация «Исполнение песни в сопровождении оркестра казахских народных инструментов» 3 место – А. Кармысов, О. Мухамедиев, Т. Нагымбаев (Алматинская область); 2 место – Т. Алхабиринов, К. Мухтар (Нур-Султан); 1 место – А. Измамбетов (Нур-Султан), Ж. Танебаев (Алматинская область). «Гран при» был вручен Мукияту Аскар из г. Нур-Султан.

После окончания награждения с теплым словом выступил заслуженный деятель РК Махмут Тойленов. Он поблагодарил оргкомитет за хорошую организацию конкурса, дал высокую оценку творчеству М. Егинбаева в его сохранении, приумножили и дальнейшее развитие жанра традиционной песни. Далее, на сцену вышел «виновник» торжества, сам юбиляр М. Егинбаев, чьим именем назван данный конкурс, он поблагодарил оргкомитет, участников конкурса и зрителей пришедших на гала-концерт, считая это как награду.

Как показал конкурс, именно творчество М. Егинбаева, будучи центробежной идеей всего жизненного пути, содержит в себе ярко выраженную национальную образность и подлинный, генетически сформированный, национальный дух. Им создано более 200 произведений в песенном жанре на стихотворные тексты более 50-ти поэтов.

Муратхан Егинбаев родился 5 января 1939 года и вырос в ауле Жамбыл Андреевского (ныне Алакольского) района Талдыкорганской (ныне Алматинской) области. Детские годы Муратхана протекали в казахском ауле, его впечатления связаны с природой живописного Семиречья, народным бытом, материальной культурой, народной песней и кюем. Его окружала обычная жизнь, в котором как спутница человека постоянно звучала музыка, которая навсегда запомнилась ему. Воспитывался он у деда Ахмади Жилкыбаева, который был известен как великолепный умелец народного прикладного искусства, талантливый

мастер по изготовлению казахского народного инструмента – домбры. С детских лет Муратхан наблюдал за работой деда и его игрой. Заметив большой интерес мальчика к его ремеслу и желание играть, дед Ахмади сделал домбру и для своего внука. Он же и обучал игре на домбре. По словам Муратхана, он к шести – семи годам уже играл несложные кюи «Елімай», «Кеңес», «Келіншек». В более старшем возрасте он начал петь народные песни, подыгрывая себе на домбре. Не расставаясь с любимым инструментом, мальчик старался не пропускать ни одного аульного праздника, тоя, на которых всегда звучали народные песни, кюи. Возможность общения с людьми посредством песен, раскрытие своих чувств, выражение печали, радости, тоски, восхищения все больше и больше увлекали Муратхана. И он стал принимать участие в празднествах, тоях, устраивающихся в аулах. Несомненно, все эти обстоятельства сыграли значительную роль в формировании будущего музыканта. В школьные годы Муратхан был одним из самых активных участников художественной самодеятельности, а в 9 классе он впервые попытался сочинить песню. Так, в 1957 году он сочинил песни «Қарай берші надана» на слова К. Сыдыкова, и «Сағындым» на слова М. Макатаева. Муратхан нот не знал, поэтому передавал другим свои мелодии песен с голоса. И уже скоро на школьных праздниках и аульных торжествах стали петь его песни. Паренек не думал, что когда-нибудь он будет записаны на ноты. Но у него было огромное желание выучиться нотной грамоте и стать профессиональным композитором.

В 1958 году М. Егинбаев поступает в Целиноградский сельскохозяйственный институт на факультет строительства и архитектуры. На протяжении всех лет обучения в вузе он продолжал набирать музыкально-слуховой опыт: был руководителем студенческой художественной самодеятельности, организовал домбровый оркестр. В музыкальном репертуаре, наряду с народными и песнями профессиональных композиторов Казахстана, были и песни самого М. Егинбаева. В студенческие годы им был написан ряд песен, среди них известная «Сағыныш сазы» на слова А. Сыдыкова.

После окончания института

«Тде дух не водит рукой художника,  
там нет искусства.  
Тде мысль не работает вместе с рукой,  
там нет художника...»

Леонардо да Винчи

М.Егинбаев возвращается в родной край – в Талды-Курганскую область, Аксуский район, село Жансугурово, где проработал архитектором около 25 лет.

С 1962 года по 1978 год у него наступил своеобразный творческий перерыв в связи с большой перегруженностью по основной работе, семейными заботами. Поводом для возвращения к музыке послужило предложение друга самодеятельного поэта Г. Омарханова написать на его стихотворение песню. На эти слова М. Егинбаевым была написана мелодия. Так появилась песня «Ақсу әні!» и была исполнена на праздничном концерте для хлеборобов и овцеводов. Песня полюбилась и очень быстро получила широкую известность. Творческая удача вдохновила М. Егинбаева. За последующие 4 года им было написано 16 пе-

Все это вылилось в новой книге «Балалар үні».

События и личности советского периода композитор отразил в песнях «Алаштың асыл ұлдары», «Үш арыс», которые посвящены трем героям казахам Великой Отечественной войны – Б. Момышулы, К. Кайсену, Р. Кошкарбаеву, «Желтоқсан таңы» посвящена декабрьским событиям 1986 года, «Мұқан сазгер», «Қазақтың үш асылы» посвящены советским писателям С. Муканову, Г. Мустафину, Г. Мусрепову.

Далее композитор в своих песнях обращается к теме становления и развития Республики Казахстан. Автор в оптимистичных тонах воспевае республику, Конституцию, первого Президента государства, новую столицу Астану. В этих песнях передается гимнический характер, апофеоз, патетика, воспевающая настоящее и будущее страны. Это песни «Қазақ елі», «Тұңғыш президент туралы толғау», «Тәуелсіздік Қазақстан», «Астана Ақорда», «Жасасын Тәуелсіз еліміз», «Жаса Қазақстан» и др.

Муратхан Егинбаев неоднократно давал авторские творческие концерты в Талдыкоргане, в Алматы. С грандиозным успехом дважды – в 2003, и в 2011 году – прошли его авторские концерты в Астане на сцене президентского центра культуры, в которых участвовали известные артисты и исполнители.

В 2014 году композитор достойно отметил свой юбилей – 75-летие со дня рождения и 50 лет творческой деятельности. Во Дворце культуры был дан праздничный авторский творческий концерт, который прошел с огромным успехом. В знак признания его заслуг Муратхану Егинбаеву было присвоено звание «Почетный гражданин Алматинской области».

Особо следует отметить, что песни М. Егинбаева получили признание за рубежом среди соотечественников проживающих в Монголии, Китае, Турции, США и др. За это 10 августа 2017 августа М. Егинбаев был принят в члены Международного союза композиторов.

В данном очерке мы сделали попытку раскрыть творческий феномен талантливого композитора, архитектора муратхана Егинбаева, чье песенное искусство – один из ярких примеров совершенного народного музыкального творчества, изучение которого стоит на повестке дня в казахском музыковедении.

И в заключении, соприкасаюсь с творчеством Муратхана Егинбаева, невольно приходит на ум сюжет одного из фантастического фильма, где герой изобретает механизм путешествия в времени, который позволяет ему возвращаться в прошлое, чтобы исправить жизненные ситуации. Тут возникает вопрос: если бы Муратхану дали еще один шанс прожить эту же жизнь, «изменил» бы он своей мечте – мечте стать музыкально образованным, профессиональным композитором? Ответ композитора был однозначен: «Жизнь свою я в целом не изменил бы». И все же, получи Муратхан Егинебаев профессиональное композиторское образование подобно Мукану Толебаеву, то он открыл бы новую историческую страницу в отечественном музыкальном искусстве, превзойдя своих великих учителей по глубине и размаху композиторского письма.

В год 80-летнего юбилея давайте же пожелаем отменного здоровья и успехов в нелегком труде композиторского творчества нашему земляку!

Арман АМАНЖОЛОВ,  
преподаватель Талдыкорганского  
музыкального колледжа  
им. К.Байсейитовой

## Бейсенбі - Четверг, 2 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.00 AQPAPAT  
10.00 «Элвин мен Алақоржындар»  
10.30 Т/х «Жаңа қоныс»  
11.15, 17.40 «Quzyq ekeп...»  
12.05 Т/х «Саған сенемін»  
13.00, 17.00, 20.00, 30.00 AQPAPAT  
13.15, 18.25, 00.35 «Konil tolqyny»  
13.35, 05.05 Т/х «Өмірдің өзі новелла»  
14.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»  
15.25 «SHANYRAQ»  
17.15 «JARQYN BEINE»  
20.55 «QAREKET»  
21.50 Т/х «Саған сенемін»  
22.45 Т/х «Ертұғырл»  
00.50 Футбол  
03.50 Т/х «Достар»  
04:20 Т/х «Жүрекке жол»

### КТК

07.00 Әнұран  
07.05, 06.00-06.30 Мерекелік концерт  
07.30 Т/х «Қайсар жесір»  
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»  
09.50 Юрмала  
10.50 Х/ф Брат или брак-2  
12.50 Х/ф «Я.Ты.ОН.ОНА»  
14.30 Х/ф «Восточные сладости-2»  
16.35 Т/с «Саодат»  
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00 «Астарлы ақиқат»  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Х/ф «Медное солнце»  
01.10 Т/х «Сүйікті Дениз»  
02.30 Т/с «Саодат»  
03.35 «Астарлы ақиқат»  
04.20 «Әйел қырық шырақты-2»  
05.10 «Көріпкел»

### ЖЕТІСУ

07.05 Өн әлемі.  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Арнайы репортаж  
09.30 Спец. репортаж  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.20 «Шпион по соседству»  
12.10 «Білу маңызды»  
12.40 «Балаларға өмір сыйла»  
12.50 Art Global  
13.10 Т/с «Дом с лилиями»  
15.00 «Тайны. Судьбы. Имена»  
15.50 «Батыл жүрек»  
16.35 «Мектеп»  
17.05 «Өмір жолы»  
17.35 «Сапа»  
18.00 «Народный контроль»  
18.15 «Қарақатпен шай»  
19.00 Т/х «Тергеушілер»  
19.30 Т/х «Шашу»  
20.00 Қорытынды жаңалықтар  
20.30 «Журналистік зерттеу»  
20.50 Открытый диалог  
21.00 Итоги дня  
21.30 Т/х «Күләш»  
22.20 Т/с «На крыльях любви»  
23.10 Т/х «Достық жәрмеңкесі»

### 31 КАНАЛ

06.00, 02.00 «KazNet»  
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары  
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»  
08.10 Разминка с Аружан  
08.20 М/ф «Маша и медведь»  
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»  
12.30 «Келін бақыты»  
13.30 М/ф «Алдар Көсе»  
14.00 Күндізгі жаңалықтар  
14.20 «Moneytime»  
14.40 «ТенгеманияNEXT»  
15.00 Т/с «Кривое зеркало души»  
17.30 «Ruh.kz»  
18.00 «Бір туған»  
19.00 «№309 түрік телехикаясы»  
20.00, 03.00 Жаңалықтар  
20.30, 03.30 Новости «20:30»  
01.00 Т/х «Қара нан»

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00 «Айнаонлайн»  
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»  
09.00, 21.40 Т/с «Шуберт»  
11.15 «Смеяться разрешается»  
13.20 Т/с «Реквием для свидетеля»  
14.30 «Гу-гулет»  
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»  
16.40 «Q-елі»  
17.00 Х/ф «Поцелуй дракона»  
19.00 Т/х «Ата – ана. Бала – шаға»  
21.00 Лотерея 777  
21.05 «Няня аға»  
00.10 «Спецотряд Кобра 11»  
01.20 The Эфир  
01.20 «Юморина»  
03.45 «Өз ойым»  
05.00 «Жеңіп көр»

### Жексенбі - Воскресенье, 5 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»  
07.40 Т/х «Айналайын»  
09.05, 04.10 «Ақсауыт»  
09.30, 09.55 М/ф  
10.45, 02.35 «Дара жол»  
12.10 «Ұлы дала сазы»  
13.30, 03.40 Д/ф  
14.00, 04.30 «Көңіл толқыны»  
14.30 «Көңілашар»  
16.15 Комедия «Бажалар»  
18.20 «Беу» Ток-шоу  
20.00Апта  
21.00 «Жахан сапар»  
21.20 КТА  
22.45 Т/х «Ертұғырл»  
00.35 Концерт  
03.55 «Ақсауыт»

09.00, 09.30 М/с  
10.45 «Сделано из вторсырья»  
11.15 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»  
12.00 «Қызық таймс»  
13.00 «Қарақатпен шай»  
13.45 «Миллион кімге бұйырады?»  
14.30 Х/ф «Миф»  
16.30 Т/х «Күләш»  
19.20 «Жұлдызды жекпе-жек»  
21.00 «Жеті күн»  
22.00 Большая неделя  
22.40 Мегахит «Посейдон»  
00.15 Сериал «Вишневый сезон»  
01.00 Концерт  
01.30 «Әр үйдің сыры басқа»  
д/д

### АСТАНА

06.00, 03.20 «Казнет»  
06.30, 21.10 Т/х «Таңдауым сен»  
07.30, 08.00, 11.40, 13.00 М/ф  
09.30, 11.00 «МONEY тайм»  
09.45, 11.20 «Тенгемания»  
10.00, 22.10 «Абысындар»

### ХАБАР

06.00 «Ұят болмасын»  
06.45 «Тамаша»  
07.25 Концерт  
08.45 Самопознание

## Жұма - Пятница, 3 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.00,05.35 Әнұран  
06.05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт  
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама  
09.00 AQPAPAT  
10.00 М/х. «Элвин мен алақоржындар»  
10.30 Т/х. «Жаңа қоныс»  
11.15,17.45 «Қызық екен»  
12.05,21.50 Т/х. «Саған сенемін»  
13.00,17.00,20.00,01.15 AQPAPAT  
13.15,18.35 «Көңіл толқыны»  
13.35.03.20 Т/х. «Өмірдің өзі новелла»  
14.35,19.10 Т/х. «Іздедім сені»  
15.25 Ток-шоу «Shanyraq»  
17.15,04.35 Serpin  
20.55 «QAREKET»  
22.45 Т/х «Ертұғырл»  
00.35, 05.05 «Parasat maidany»  
02.05 Т/х. «Достар»  
02.35 Т/х. «Жүрекке жол»  
04.05 «Тұлға» Т.Шарманов

### ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны  
06.00 Тамаша  
07.00 М/с. «Тобот»  
07.30,08.10,09.10 «Таңғы хабар»  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
09.00, 13.00 Новости  
10.00, 18.35 Т/х. «Тергеушілер»  
10.30,19.30 Т/х. «Шашу»  
11.10 Сериал «На крыльях любви»  
12.10 «Сені іздедім»  
13.10 Сериал «Дом с лилиями»  
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»  
15.50,01.10 Т/х. «Батыл жүрек»  
17.30 «Религия. Сегодня»  
18.00 Біздің назарда  
18.15 «Менің арманым»  
20.00 Қорытынды жаңалықтар  
20.30 «Бетпе-бет»  
21.00 Итоги дня  
21.30 Х/ф. «Левша»  
23.00 Khabar boxing

### АСТАНА

06.00,20.00,03.00 Жаңалықтар  
06.30,20.30,03.30 Новости «20:30»  
07.00 Аружанмен бой жазу  
07.10, 21.00 Т/х. «Таңдауым сен»  
08.10 Разминка с Аружан  
08.20 М/ф. «Маша и медведь»  
10.30, 22.00 «Абысындар» т/х  
12.30 Т/х. «Келін бақыты»  
13.30 «Kaznet» ғаламторға шолу  
14.00 Күндізгі жаңалықтар  
14.20 М/ф. «Алдар көсе»  
15.00 Сериал «Кривое зеркало души»  
17.30 Ruh.kz  
18.00 Т/х. «Бір туған»  
19.00 Т/х. «№309»  
00.00 «Қара нан» Т/х.  
02.00 «Күлдірген» әзіл-сықақ

### ЕВРАЗИЯ

06.00,03.45 Өн дария  
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар  
07.45 Жұма уағызы  
08.00 Қайырлы таң  
09.00 Модный приговор  
10.00 Доброе утро Казахстан  
11.00 Сериал «Торгсин»  
12.00 Қалаулым  
15.00 Сериал «Лучше чем люди»  
16.50 «Жди меня» Казахстан  
18.45,02.45 «Заң сөйлесіні»  
20.00 Главные новости  
20.45 Поле чудес  
21.50,00.00 Х/ф. «А снег кружит»  
23.00,02.00,04.30 Паутина+

14.00 К/ф «Сабыр»  
16.00 «Менің ағам бойдақ» К/ф  
18.00 «Бір туған»  
19.00 «Ел аузында»  
19.40 «Репортер представляет»  
20.00 «Избр. за неделю»  
20.45 «Ұлы дала ұлағаты»  
23.00 Х/ф «Волна»  
01.20 «Күлдірген»  
02.50 «Ой мен ойын»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Волчий зал»  
06.55, 02.35 Тамаша сити  
07.45 «Басты бағдарлама»  
08.30 «Ұшқалақ»  
08.40 «Воскресенье беседы»  
08.50 Х/ф «Жених для дурочки»  
12.35, 04.15 «Контент»  
13.15 «Лучше всех»  
14.30 Х/ф «Сезон охоты: страшно глупо»  
16.00 Сериал «Райский уголок»  
20.00 «Аналитика»  
20.55, 02.05, 04.45 «Паутина +»  
21.30 Т/х «Махаббатым жүрегімде»

### ХАБАР

### КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ  
07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 «Қайсар жесір» Т/х  
08.30 Т/х. «Тағдыр қосқан асыл жар»  
09.50 Новости  
10.30,21.40 Х/ф. «Медное солнце»  
14.30 Х/ф. «Восточные сладости-2»  
16.35,02.20 Т/х. «Саодат»  
19.30 Т/х. «Махаббат пен жаза»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00, 03.20 Астарлы ақиқат  
21.00 Вечерние новости  
23.20 Х/ф. «Не смешная любовь»  
01.00 Т/х. «Сүйікті Дениз»  
04.10 «Әйел қырық шырақты»  
05.00 «Көріпкел»  
05.50-06.20 Мерекелік концерт

### ЖЕТІСУ

07.05 Өн әлемі  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Ем болсын  
10.15 Экорейд  
10.30 Тұжырым  
11.00 Телесериал «Ақ күн»  
12.00 Шашу  
12.50 Нетлайк  
13.00 Зерделі отбасы  
13.40 Тастүлек  
14.00 Док/сериал «Кровь на снегу»  
15.00 Концерт «Өнім менің жан серігім»  
16.45 Ем болсын  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
17.45 Мультфильм  
18.00 Шашу  
18.45 Organic Life  
19.00 Диолог. Прямой эфир  
19.30 Болмыс  
20.15 Экономика  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Ел мен жер  
21.30 Новости  
22.00 Телесериал «Ақ күн»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны  
06.00,12.30 Т/х. «Жігіттер»  
07.00,20.00 Информбюро  
08.00,23.00 Әзілдер жинағы (каз)  
10.00 М/с. «Маша и медведь»  
10.30,21.00 Т/х. «Махаббатым, кеш мені»  
14.30 М/с. «Алладин»  
15.30 Сериал «Воронины»  
18.00 Сериал «Отель Элеон»  
01.00 «Whats Up?»  
02.00 «Келіндер бәйгесі»  
02.40 Әзіл студио  
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00, 19.00 Т/х. «Ата-ана. Бала-шаға»  
08.00, 20.00,03.00 Т/х. «Элиф»  
09.00 Сериал «Шуберт»  
11.15,02.00 «Смеяться разрешается»  
13.20 Сериал «Реквием для свидетеля»  
14.30,19.30,04.30 Гу-гулет  
15.00 Концерт «Шап-шаншар»  
17.00 Х/ф. «Громобой»  
21.00 Лотерея «777»  
21.05 Скetchком «Няня аға»  
21.40 Х/ф. «Мечь дракона»  
23.40 Х/ф. «Миф»  
03.45 Куырдақ  
05.00 «Жеңіп көр»

23.00 Х/ф «Жизнь взаимы»  
00.50 Концерт  
03.20 «Тамада Батл»

### КТК

07.05 «Армандаған достық»  
09.20 «Юрмала»  
11.50 Х/ф «Дом Надежды»  
15.50 Х/ф «Чужая милая»  
19.30 «Дау-дамайсыз»  
20.00 «Аптап»  
21.00 Х/ф «Соседка»  
23.10 Х/ф «Охота на верного»  
00.50 «Я стесняюсь своего тела»  
02.20 «Өкініш» көркем фильмі  
03.50 Концерт  
04.40 «Өнім сен едің»  
05.30 «КТК қоржынынан»

### ЖЕТІСУ

08.55 Телемаркет, роликтер, 2-блок  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Мультфильм «Қаңбақ шал мен Дәу»

## Сенбі - Суббота, 4 мамыр

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.50 Көңіл толқыны  
06.25 Т/х. «Айналайын»  
07.45 Дара жол  
09.00 «Senbillik tap»  
10.00 «Шипагер»  
10.55 М/ф. «Хайди»  
11.15 М/ф. «Рататуй»  
12.55 Әзіл әлемі»  
14.55 Комедия «Бажалар»  
16.50 «Jaidatman» үздік әзілдер  
19.00,02.25 «MASELE»  
19.35,04.45 Д/ф. «Көшпенділер»  
20.00,03.00 Minber  
21.00 «QAIYRLY KESH QAZAQSTAN»  
22.45 Т/х. «Ертұғырл»  
00.35 Комедия «Құрылғымен басқаратын өмір»

### ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны  
06.00 Ұят болмасын  
06.45 Концерт «Отаным десем»  
08.30 Өзін өзі тану  
08.45,00.45 «Мен – чемпион»  
09.15 М/с. «Юху и его друзья»  
09.45 М/ф. «От винта»  
11.15 National Geographic ұсынады «Марс»  
12.00 Тайны. Судьбы. Имена  
12.45 Д/ф. «Бір туынды тарихы»  
13.15 Сені іздедім  
14.00 Жұлдызды жекпе-жек  
15.45 Х/ф. «Левша»  
17.15 Т/х. «Шашу»  
19.15 «Қызық таймс»  
20.15 «Миллион кімге бұйырады?»  
21.00 Жеті күн  
22.00 Х/ф. «Миф»  
00.00 Сериал «Вишневый сезон»  
01.15 Өсем әуен

### АСТАНА

06.00,01.30 KazNet ғаламторға шолу  
06.30, 21.10 Т/х.«Таңдауым сен»  
07.30,12.40 М/ф. «Алдар көсе»  
08.00 М/ф. «Маша и медведь»  
09.00 М/ф. «Пингвины из Мадагаскара»  
09.30,12.00 Money Time  
09.45,12.20 ТенгеманияNext  
10.00,22.10 Т/х. «Абысындар»  
13.20 Союзмультфильм  
14.00 Көркем фильм «Армандастар»  
16.00 Х/ф. «Шаг вперед: все или ничего»  
18.00 Т/х. «Бір туған»  
19.00 Ел аузында  
20.00 Біздің уақыт  
20.45 «Ғажайып Қазақстан»  
23.10 Көркем фильм «Ескерту»  
02.00 «Күлдірген» әзіл-сықақ  
03.00 Әзілстан  
03.30 «Ой мен ойын» шоуы

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «В розыске»  
07.00,04.15 Тамаша сити  
07.50 Басты жаңалықтар  
08.40 Ұшқалақ  
08.50 Сериал «А снег кружит»  
12.35 «Фабрика грез»  
13.00,22.00,02.30,05.00 Паутина+  
13.40 КВН-2019 Высшая лига  
16.05 Х/ф. «Вспомни меня»  
18.00 Басты бағдарлама  
18.45,03.15 Кешкі кездесу  
20.00 Главные новости  
20.30,23.00 Сериал «Акушерка. Новая жизнь»  
00.10 Х/ф. «Великий уравниатель»

10.20 Балдаурен  
10.55 Құтқару қызметі  
11.10 Ауылдағы ағайын  
11.40 Медкенес  
12.00 Бағбан  
12.25 Зерде  
13.15 К/ф «Прощай Гульсары»  
15.00 Концерт «Бақыттың жүрмін жолында»  
16.20 Ел мен жер  
16.45 Туржорық  
17.05 Экорейд  
17.30 Ұлт пен рух  
18.00 Зерде  
18.50 Өн әлемі  
19.00 Спорт тайм  
19.30 Балдаурен  
20.15 Полицейская служба  
20.30 Алпа (каз)  
21.30 Алпа (рус)  
22.20 К/ф «Қараш-қараш»

### 31 КАНАЛ

06.00, 02.00 Алдараспан. Нысана. Шаншар.  
07.00 Информбюро  
08.00 М/ф

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны  
07.05,02.10 Т/х. «Ұлкен үй-1»  
08.10,03.20 «Біздің концерт»  
09.20, 01.40 «Юрмала»  
11.20 Х/ф. «Не смешная любовь»  
13.00 Х/ф. «Радуга в небе»  
17.00 А.Дүйсеновтың шығармашылық кеші  
21.00 Большие новости  
22.00 Х/ф. «Дом надежды»  
04.20 Мерекелік концерт  
05.00-06.00 КТК қоржынынан

### ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Ем болсын  
10.15 Мультфильм  
10.30 Диолог.  
11.00 Телесериал «Ақ күн»  
12.00 Шашу  
12.45 Экономика  
13.00 Болмыс  
13.50 Ел мен жер  
14.15 Док/сериал «Кровь на снегу»  
15.15 К/ф «Прощай Гульсары»  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Organic Life  
17.50 Өн әлемі  
18.00 Зерде жаңасы  
18.45 Organic Life  
19.00 Медкенес  
19.20 Спорт тайм  
19.40 Полиция қызметі  
20.00 Ауылдағы ағайын  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Бағбан  
21.30 Новости  
22.00 Зерделі отбасы  
22.40 Әлем халқы мен елі.  
23.00 Жаңалықтар  
23.25 Новости  
23.50 Өн әлемі

### 31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»  
05.58 ҚР Әнұран  
07.00,20.00 Информбюро  
08.00 Әзілдер жинағы  
10.00 М/с. «Маша и медведь»  
10.30,21.00 Сериал «Махаббатым кеш мені»  
14.30 М/с. «Алладин»  
15.30 Сериал «Воронины»  
18.00 Сериал «Отель Элеон»  
23.00 Әзілдер жинағы  
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері  
02.00 Whats Up?  
03.00 Әзіл студио  
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында  
06.30,03.00 Т/х. «Себебі сен»  
08.30 Т/х. «Ата-ана, бала-шаға»  
09.00 Х/ф. «Младенец на \$ 30 000 000»  
11.50 Х/ф. «Миф»  
14.30 Х/ф. «Аждаһаның алмас қылышы»  
16.40 Скetchком «Няня аға»  
19.00 Япыр-бай  
20.00 «Теле Бинго»  
20.40 Скetchком «Q – елі»  
21.00 Лотерея «777»  
21.05 Х/ф. «Брат или брак»  
23.10 Х/ф. «Поцелуй дракона»  
01.10 Сериал «Спецотряд Кобра-11»  
04.30 Гу-гулет  
05.00 Жеңіп көр!

08.50, 09.30 «Готовим с Адель»  
10.00, 00.00 Концерт  
12.30, 23.00 Айта берсин  
13.30 Кино «Ведьмина гора»  
15.40 Кино «Я-четвертый»  
18.10 Кино «Трансформеры»  
21.00 Документальный фильм  
22.00 «Әзілдер жинағы»  
03.00 «Әзіл студио»  
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
06.30, 03.00 Т/х «Себебі сен»  
08.30 «Айнаонлайн»  
09.00 «Юморина»  
10.40 Сериал «Реквием для свидетеля»  
15.00 Концерт  
17.40 «Бастық боламын-2»  
20.30, 04.30 «Гу-гулет»  
21.00 «Лотерея 777»  
21.05 Х/ф «Робокон»  
23.30 Х/ф «Громобой»  
01.50 «Спецотряд Кобра 11»  
05.00 «Жеңіп көр»

ЖЕТІ БАСЫМ БАҒДАРЛАМА

# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР

2018 жылы Жоғарғы Сот төрағасы Асанов Жақып Қажыманұлы сот жүйесін жақсартуға қатысты «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасын жариялай отырып, бұл бастаманың халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға бағытталғанын айтқан болатын. Бұл жобадан сот жүйесінің дамуының жеті басым бағдарламасы шоғырландырылды. Олар – «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже» және жетінші жоба «Татуласу: сотқа дейін, сотта».

Жеті түйін шеңберінде сот актілері тілін түсінікті жазу жолға қойылып, судьялыққа іріктеу жүйесі күшейтілді, сот ғимараттарында жұмыс істеуге жайлы жағдайлар жасалды. Соттардан даусыз істерді алып тастау арқылы судьялардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауға мүмкіндік туды. Сот отырысына келмей-ақ, процеске онлайн режимінде қатысудың мүмкіндігі туды. Жоғарғы Сотта азаматтарды қабылдау орталығы ашылды. Онда алдын ала телефон және онлайн жазылу арқылы Жоғарғы Сот төрағасы мен судьяларынан іске қатысты кеңес алуға жол ашылды. Өңірлерде соттар жанынан азаматтарға тегін құқықтық кеңес беретін, өзара татуластыратын Фронт-офистер, татуластыру орталықтары мен билер кеңесі жұмыс істеуде. Сондай-ақ, еліміздегі соттардың жүктемесін азайту үшін дауларды шешудің баламалы әдістері дамытылуда.

Былтыр соттарға 4,5 млн іс пен материал түссе, оның 2,8 млн – сот орындаушылардың санкциялары. Биылдан бастап сот орындаушыларының әрекетіне қатысты 18 санкцияны тек екеуі – мәжбүрлеп екеуі мен ел аумағынан шығуға тыйым салу соттың қарауына қалдырылды. Борышкердің мүлкіне тыйым салу санкциясы жойылды. Банк есепшоттарын санкциялау мен банк құпиясы бар ақпаратты сұрату прокуратураның құзырына берілді.

Бұйрықтық істердің 18 түрінің 9-ы нотариустарға өтті. Мәселен, нотариалды куәландырылған мәміле, жалақыны өндіру, лизингті талап ету, ломбардтардың кепілін айналымға енгізу, коммуналдық төлемдер бойынша қарыз бен жалдау ақысын өндіріп алу, тағы да басқа талаптарды бұдан былай тек нотариустар қарайтын болды.

АПК-ке нотариусқа жүгінуді ынталандыру шараларын енгізеді. Мәселен, нотариалдық жазба арқылы өндіріп алу мүмкін болса, судья талап-арызды кері қайтарады. Егер талапкер дау бар десе, судья сот шығынын талапкерге жүктей алады. Оңайлатылған істердің 12 категориясының 10-ы бойынша бұйрықтық іс жүргізуге беріледі. Болашақта 240 әкімшілік құқық бұзушылық құрамының 78-і мемлекеттік органдарға берілетін болады.

Осы жоба судьялар жүктемесін айтарлықтай азайтып, олардың күрделі дауларды қарауына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жаңа реформалардың негізгі бағыттары азаматтардың заңның үстемдігіне, сот әділдігіне, заңның күшіне деген сенімін арттыру болып табылады.

**А.М. ҮМБЕТАЙ,**  
Кербұлақ ауданының  
№2 аудандық сотының төрағасы.

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ

# ШОҚТЫҒЫ БИІК ШАҢЫРАҚ

«Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан», – деп Абай атамыз айтқандай, арманыма жету үшін сапалы білім алу, білікті де білімді маман иесі атану жолында еңбек етіп келемін. Бұл орайда маған көп көмегін тигізіп келе жатқан қара шаңырақ – Қазақ ұлттық университеті мен психология мамандығының ұстаздары.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің іргетасы», – деп айтқаны бекер болмаса керек. Бүгінде біздің қара шаңырағымызға 85 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында университетіміз әлемдегі 800 ең үздік университет арасында 220-орынға ие болып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде 16-орынға алға шықты. Еліміздің жоғарғы оқу орны арасындағы бірінші ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері атанғаны да үлкен жетістік.

«Жалпы және этникалық психология» кафедрасының тарихы 1948 жылдан бастау алады. Кейіннен 1980 жылы психология кафедрасы Педагогика және психология ка-

федрасынан бөлініп шығып, меңгерушісі болып Қ. Жарықбаев тағайындалды. Ал, 1991 жылы Қазақ бөлімі ашылып, бүгінде алғашқы түлектері Ж. Сейтнұр мен Э. Қалымбетова кафедралық доценттері қызметінде. Қазіргі уақытта кафедралық жоғары білікті оқытушылар құрамы дәріс оқиды.

«Психолог» мамандығы қазіргі уақытта әлемдегі ең танымал мамандықтардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда психологиялық ғылым, білім беру, бизнес, саясат, басқару, медицина, жарнама және т.б. салаларда жарқын іздерін қалдыруда. Психология бөлімін 20 жыл ішінде 1000-нан астам маман тәмамдаған. Олардың көпшілігі өз саласындағы жетекші маман ретінде Ресей, Австрия, Англия және АҚШ-та қызмет атқаруда.

Психология – болашақтың мамандығы. Сондықтан, шоқтығы биік шаңырақтан білім алып шыққан білімгерлер келешекте өз деңгейінде жұмыс істейтініне сенім мол.

**А. МҰРАТБАЕВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің  
«Психология» мамандығының 4-курс  
студенті  
**Н. САДЫҚОВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«Жалпы және қолданбалы психология»  
кафедрасының доценті міндетін атқарушы.



# ЕРЛІК КЕЗДЕЙСОҚ БОЛМАЙДЫ

Келешек ұрпаққа Чернобыль апатының салдарын түсіндіру арқылы осы апатты жоюға қатысқан мыңдаған отандастарымыздың ерлігі мен жігерін насихаттау, сондай-ақ Чернобыль ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылған шара барысында жазушы, журналист «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Чернобыль ардагері Марат Жүніс-Бектің «Ерлік пен өрліктің шежіресі» атты шығармашылық көрмесі таныстырылды. Көрмеде апаттың зардаптарын жою кезіндегі қарапайым қазақстандықтардың ерлік пен өрлікке толы еңбектері көрсетіліп, мазмұны терең тарихтан сыр шертілді. Чернобыль ардагерлерінің киген киімдері, фотосуреттер мен құжаттар да қонақтар назарына ұсынылды.

Шараның келесі бөлімі ардагерлермен кездесу кешіне ұласып, арнайы шақырылған қонақтар Чернобыль апатының салдары, тарихы туралы баяндады. Сонымен қатар,

көрермен назарына «Ер есімі – ел есінде» тақырыбында бейнефильм ұсынылды.

Алматы облысының әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовқа, Алматы облыстық мәдениет, архивтер құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаеваға Қоғамдық бірлестіктің атынан «Ұлы дала патриоты» төсбелгісі табысталды. Шара соңында Алматы облыстық «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық бірлестігі төрағасы С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының директоры Ғалия Тоқабаеваға марапат қағазын ұсынып, кітапхана қорына Чернобыль апатының ардагері, Марат Жүніс-Бектің Чернобыль апатының сұралып кезеңдері суреттелген авторлық кітабын тарту етті.

Зиялы қауым өкілдері, оқырмандар мен кітапханашылар, Сүйінбай атындағы облыстық филармония әншілері, БАҚ өкілдері қатысқан шараның берері мол.

**Ш. ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**

## ЗАҒА ҚАЙШЫ ӨРЕКЕТ

# ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕСУ – БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Егеменді ел болып, еңсемізді көтеріп тәуелсіздігіміздің көк туын көкке желбіреткен жас мемлекетіміздің өткеніне көз жүгіртіп қарасақ жеткен жетістіктерін ауыз толтырып мақтанып айтарлыққа тұрарлық. Алайда, өзінің түбегейлі шешімін таба алмай тұрған күрделі мәселелер де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл баршамызға мәлім – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық – деген түсінік «соггипти» деген латын сөзін алып, оның мағынасына үңілетін болсақ «пара», «параға сатып алу» ретінде, сондай-ақ рим құқығында да, «соггипти» түсінік болған, ол – дегеніміз жалпақ тілмен айтқанда жалғандау, сындыру, бұзу, бүлдіру, параға сатып алу деген түсінік білдірген. Яғни құқыққа қарсы іс-әрекетті айқындайды.

ҚР-ның заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Яғни, қызметтік өкілеттілігін теріс пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрнеу жалған жауап беру немесе жауап беруден жалтару, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе сот актілерін орындамау осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық, яғни, сыбайластық байланыстарды пайдалану жолымен жасалады.

Сыбайлас жемқорлық елдің даму болашағына әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін қауіпті құбылыс болып табылады. Сондықтан да кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу – ең өзекті мәселелердің бірі.

Мемлекет сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң әрі табанды түрде ымырасыз әрі жоспарлы күрес жүргізуді басты мақсат етіп отырғаны белгілі.

Қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңының мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықты пайда болу жағдайларын белгілейді.

**Жұмаш АҚБЕРГЕНОВ,**  
Алакөл аудандық сотының судьясы.

МЕЙРАМ

# ҚОШ КЕПЕДІҢ ӘЗ-НАУРЫЗЫ!

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде наурыз мейрамы тойланды. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деп түйсінген ұжым бұл мейрамды үлкен көлемде атап өтті.

Жынында сөз алған университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов ҚазҰУ-да наурыз мейрамын халықаралық деңгейде тойлау жақсы дәстүрге айналғандығын тілге тиек етті.

– Өз мерекемізді біз жаңа белестермен қарсы алуадамыз. ҚазҰУ қазақстандық жоғары білім берудің флағаны ретінде түрлену курсымен әлемдік кластағы зерттеуші ЖОО болып келе жатыр. «Университет 4.0» моделін жетістікпен жүзеге асыра отырып, көпмұндаық ұжым жоғары нәтижелерге, соның ішінде халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жатыр, – деді ол.

Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының алдында Елбасымыздың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласының негізінде жасалған керемет музыкалық-театрландырылған көрініс көрсетілді. Алтын адам, Ұлы Жібек жолы сынды көптеген мәдени мұраларымыз насихатталды. Көрермендерге тұсау кесер, қыз ұзату, шашу секілді қазақтың көптеген салт-дәстүрлері паш етілді. Мереке алма бағының отырғызылуынан басталды. Кампус бақшасына 300-ден астам алма ағаштарының сорттары егілді.

ҚазҰУ кампусының аймағында 25 күн ішінде тұратын этно-ауыл жасалды. Шара соңы факультеттер арасындағы байқауға ұласты. «Үздік киіз үй» байқауы бойынша Философия және саясаттану факультеті I орынға ие болды. Сонымен бірге, 500 кг бауырсақ, 200 кг палау, 700 литр наурызкөже дайындалып, қонақтарға ұсынылды. Мерекең қатысушылары ұлттық тағам түрлерінен дәм татып, жастар мен қонақтар алтыбақанда ойнап, өнерлерін ортаға салды.

**Жазира ӘБДІҚАДЫРҚЫЗЫ,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Философия және саясаттану факультетінің 1-курс  
магистранты

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесі пошта индексі 040000, Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі №86 «А» үй, электрондық пошта [spasr\\_altoib@eter.kz](mailto:spasr_altoib@eter.kz), ақпарат үшін телефон (факс) 8 (7282) 24-22-05, кадр жұмысы бөлімінің тел. 8 (7282) 24-09-18, азаматтық қорғау органдарының бос қызмет орындарына конкурс жариялайды.

1. С-SV-13 санаты бойынша, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің, өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндіру автотөліктерінің жүргізуші-қызметкері лауазымына – 35 бірлік. Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Талдықорған қаласындағы №1 МӨСБ – 1 бірлік, Талғар ауданы Талғар қаласындағы №2 МӨСБ – 1 бірлік, Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы №1 ӨСБ – 6 бірлік, Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы №3 ӨСБ-2 бірлік, Іле ауданы Боралдай кентіндегі №4 ӨСБ – 3 бірлік, Қапшағай қаласындағы №5 ӨСБ – 3 бірлік, Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы №6 ӨСБ – 1 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ – 1 бірлік, Кеген ауданы Кеген ауылындағы №11 ӨСБ – 3 бірлік, Райымбек ауданы Нарынқол ауылындағы №12 ӨСБ – 1 бірлік, Іле ауданы Ақши ауылындағы №13 ӨСБ – 1 бірлік, Балқаш ауданы Баканас ауылындағы №14 ӨСБ – 1 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ – 3 бірлік, Талдықорған қаласындағы №22 ӨСБ-2 бірлік, Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы №26 ӨСБ – 3 бірлік, Сарқан ауданы Сарқан қаласындағы №34 ӨСБ-1 бірлік, Ақсу ауданы Қапал ауылындағы №29 ӨСБ – 1 бірлік, Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы №36 ӨСБ – 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Өрт орнына өрт сөндіру автомобильмен жеке құрамды жеткізу. Бекітілген техникалық сондай-ақ оларға орнатылған механизмдердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Бөлім қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің барлық түрлерін әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда басқара білу. Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жұмыстарын жүргізе білуге міндетті.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. В.С және одан да басқа санатты жүргізуші куәлігі бар. Жүк автотөліктерінде 3 жылғы тәжірибесі болу керек. Қорғаныс министрлігінде өскери-оқу қоры дайындығы бойынша өскери қызмет пен өскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді өскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады. 2. С-SV-13 санаты бойынша өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндірушісі лауазымына – 8 бірлік. Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы №6 ӨСБ- 2 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ-2 бірлік, Кеген ауданы Кеген ауылындағы №11 ӨСБ-1 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ-2 бірлік, Сарқан ауданы Лепсі ауылындағы №27 ӨСБ-1 бірлік.

Монографияда Ілияс Жансүгіров шығармаларының лексика-фразеологиялық жүйесі; грамматикалық сипаты, сөз көркемдеу, құбылту тәсілдері жеке тарауларда арнайы қамтылып қисындалған.

«Поэзиядағы көркемдік – тіл деген құбылыстың (құралдың) адам баласының өміріндегі құдіреттілігін, күшін көрсететіні белгілі. Демек, осы белгі қандай тәсілдермен, тілдің қандай заңдылықтарымен жүзеге асады, қай ақын қалайша жүзеге асырады деген сұрақтар алдымыздан шығады», – дейді академик Рабиға Сыздық Абай тілін зерттеу еңбегіндегі сөз басында (2, 3-б.).

Қазақ тілінің кенжелеу дамыған саласының бірі – лингвистикалық стилистика бағытындағы қазіргі кезеңде біршама молыға түскен зерттеулер шоғырына жаңа бір лайықты еңбек қосылды.

Көркем шығарма тілін айнымалы құбылыстар аспектісінде зерделеуге тіл заңдылықтарын, тіл нормасын ғылыми негізде терең игерген білікті маманның ғана тәуекелі жетпек. І. Жансүгіров шығармаларын тілдік негізде саралауында лингвистиканың зерттеу тәсілдеріне сүйене отырып Қарлығаш Сарбасова тілдік тұлғаны тануда елеулі сөздік қор түзіп, сонымен жұмыс жүргізіп, нақтылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізе алған.

Ілияс шығармаларындағы көнерген сөздер, кірме сөздер, диалектизмдер, т.б. лексикалық қабаттар, нақты сөз, сөз тіркесі тұрғысында аталып көрсетіліп, жалпы сипаттама беріледі.

Екіншіден, осы сөз, тіркес қорының белгілі бір кездегі қазақ өміріндегі қызмет аясы талданады.

Үшіншіден, сөздің 1)тура, 2)ауыспалы, 3) символикалық (тұспал) мағыналарына түсінік берілуі.

Қ. Сарбасованың Ілияс Жансүгіров шығармашылығын тілдік тұрғыдан саралаған еңбегі қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымындағы Қ. Жұмалиев, Р. Сыздықтың Абай тілі сөз өрнегін талдау өнегесімен, Қ. Өмірәлиев, Ғ.Өнерстің Махамбет поэзиясы тілін, Б. Момынова, А. Салқынбайдың Шөкәрімнің тілдік тұлғасы бағытындағы зерттеулерімен өзектес, салаластығы тұрғысында, қазіргі көкейкесті тілтаным мәселелеріне бағытталғандығымен назар аударарды.

«Абайдың сөз өрнегі» монографиясында (1995 ж.) Абай тіліне әр жылдарда зер салған әдебиеттанушы, тілші ғалымдардың еңбектерін атай отырып Р.Сыздық мәселенің тіл білімі тұрғысында арнайы зерттелмегендігін, бұл мәнде елеулі өзектілік бар екендігін ескертіп өтеді.

«Сірә да, лингвистикалық поэтика бойынша зерттеулер тіл мамандары тарапынан жүргізілетін ізденістер болмаққа керек. Ал қазақ лингвистері, тегі идиостиль, идиолект (суреткердің өзіне тән стилі, қолтанбасы) деген мәселелерге көп жұмыс келеді.

... поэтикалық тілді зерттеудің өз ішінен туындайтын жеке мәселелері мен методологиялық қырлары бар» (2, 18-б.).

Осы идиостиль бағытында Б. Момынова Шөкәрім идиостилін анықтау мақсатында қолданысы жиі жекелеген өзек сөздер мен ақынның сөздік қорын талдайды (3).

Анар Салқынбай Шөкәрім шығармашылығын когнитологиялық бағытта талдап, тілдік тұлғаның идиостилі, жаңа сөз қолданысын ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделеуге ден қойды. Шөкәрім поэзиясындағы сөз қолданысы мен ондағы сөз мағынасын, астарын, атаудың жұмсалы ерекшеліктерін айнымалыға тартты.

«Ақын дүниетанымы мен философиялық ойлары сөз арқылы таңбаланғандықтан, қазақ сөзінің бұрынғы қолданысы мен мағынасы Шаһкәрімдік пайымдауда жаңа арнада дамиды. Көптеген атаулар дүниәуи мән алып, терминдік қалып ииеді, мағыналық тұрғыда дамиды. Сөз жүйесінде бұрын-соңды болмаған ауыспалы мағыналар қалыптасып, дамытылады» (4, 7-б.).

Тілдік тұлғалардың тәжірибесін ұлттық дүниетаным негіздерімен сабақтастыра зерделеу өзектілігінде теориялық қасаңдықтың зардаптарынан азат таным жайы қозғалады.

«Қазіргі таңдағы қазақ тіл ғылымы өзінің формалдық зерттеу бағытынан арылып, тілдің бастау арналарын рухани өлеменнен іздейтін лингвистикалық компаративизмнің тәсілдері мен мақсаттарына бой ұра бастады. Батыстық ілім индивидуалды субъективтіктің тіл арқылы болмысты тану барысында сол тілдік ортаның ұжымдық субъективтілігінен шығатын, ал ұлттық субъективтіліктің жалпы адамзаттық мәдени-этикалық негізінен шығатыны туралы теория қалыптастырған. Олай болса, дала кеменгерлері мен ойшылдары жасаған рухани дүние моделі ұлттық болмысты танытатын басты тұғыр болатынына назар аудару керек» (4, 31-б.).

Қаламгерді тілдік тұлға мәнінде зерттеудің қадау-қадау озық үлгілері бола тұра, әдеби мұраны тілдік тұрғыдан, сөз қолданыстағы шексіз шеберлік тәсілдер, осындағы мұрат пен мақсат жөнінде кешенді, кеңге тартқан зерттеулер әлде де тапшы.

Ендігі, ана тілдің мол құнары айналымнан алыстап бара жатқан сөз байлығы негізінен, әдеби мұрада ғана сақталып қалғандай күрделі сынақ кезеңде қазақ сөз өнерінің даму, баю бағытында сөзге ескерткіш орнатып кеткен, сөзден рухани мұра қалдырған аса ірі шығармашылық тұлғаларды тілдік тұрғыдан арнайы зерттеу мейлінше өзекті бола түсіп отырған уақытта Ілияс Жансүгіровтің бай әдеби мұрасын арнайы зерттеудің теориялық та, тәжірибелік те зор маңызы бар.

Шығарма тілін зерттеудің лингвистикалық, көркемдік арқауларын теориялық негізде қапысыз құлаққағыс ете отырып, автор нақтылы сөз тіркес; сөз қолданыс тәсілдердің жүйелі тілтанымдық қорын түзуде жұмысы көп терімшілеп отыратын ұсақ, «өнімсіз» шаруадан өнімді нәтиже алған.

Замана бағытында қызу, қауырт шығармашылық өріс түзген, жанр тастамай жазған айтулы дарын Ілияс Жансүгіров туындыларының қазақ жазба әдебиетінің дамып баюындағы ықпалды мәнін тілдік тұлғасы тұрғысында лингвистикалық арнайы зерттеудің күн тәртібіне



# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ - ТІЛДІК ТҰЛҒА

*Ілияс Жансүгіровтің сөз өрнегі бағытында бірнеше жылдан бері мақсатты зерттеулер жүргізіп отырған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қарлығаш Базарбекқызы Сарбасованың «Ілияс Жансүгіров шығармаларының тілі» атты (1) монографиялық еңбегі қазіргі ілиястанудың жаңа зерттеулер бағытындағы қаламгердің тілдік тұлғасын теориялық, практикалық негізде зерттеу, оқыту үдерісіне қажетті, сұранысқа ие болып отырған өзекті ғылыми ұстанымдар негізінде жазылған.*

қоюда атап айтарлықтай оң нәтижелерімен мазмұндалған монография нақтылы тарихи әлеуметтік кезеңдегі ұлттық тілдік сөздік қор байлығын автордың кәдеге жарату шеберлігі; стильдік дара өрістегі тілдік құнары бағытында қарастырады.

Абай поэзиясының тіл өрнегі тұрғысында әр жылдардағы мақалаларында (1923, 1933, 1934) ұтымды пайымдаулар жасаған, сөзге сәк сирек дарын, сұңғыла суреткер Ілияс шығармаларының тіл құпиясын аңғарып, айқындаудың күрделі міндетіне тилтаным бағытында 40 жылдай уақыт зерттеулер жүргізіп келе жатқан Қ. Сарбасова батыл тәуекел жасаған.

Еңбектің І бөлімінде Ілияс Жансүгіров шығармаларының лексика-фразеологиялық жүйесі көнерген сөздер, кірме сөздер, диалектизмдер, варваризмдер және тұрмыстық қарапайым сөздер, этнографизмдер мен этнонимдер, фразеологизмдер, топонимдер, түсінігі қиын сөздер болып кең қамтылып, сараланған.

«Жолдастар», «Бадырақ» романдары мен поэзиялық шығармаларының негізі қазақ халқы өміріндегі қарама-қайшылығы мен жаңалығы мол жылдарды қамтығандықтан, қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі кезеңдегі халық тіліндегі тілдік бірліктермен қоса, кезінде актив лексика құрамында жұмсалған, заман өзгерісіне байланысты көнерген сөздер қатарына өткен лексемалар аталған шығармаларда кездесіп отырады (1, 12-б.).

Автор тарихи кезеңді қамтыған шығарманың өзіне тән ерекшелігінің бірі көнерген сөздердің болуы керек екендігін атап көрсетіп, келешекте кең қамтылған І. Жансүгіров тілі сөздігінің мол қорын түзетін көнерген сөздерді қолданыс аясына қарай мағыналық топтарға бөліп отырып, ғылыми-тілдік айналымға алып шығады. Қазақ тірмасындағы ескі киім атаулары, сол тұстағы шен, билік, тұрмыстық зат атаулары, кәсіпке қатысты атаулар, т.б. ақын өмір сүрген дәуір ақиқатын көркемдік кеңістікте ашуға таптырмас тілдік фактілер мәнінде сараланады.

Өтпелі, өзгермелі өмір нышандарын таңбалап, уақыттың ізін тастап кетіп отырудағы ұлттық сөз өнерінің бай тәжірибесін, ұтқыр тәсілдерін Ілиястың мейлінше ұқсатып, оңтайлы пайдаланып отырғандығы нақтылы тілдік қолданыстар арқауында жан-жақты айғақталып, ашыла түсіп отырған.

Қат-қабат саяси мазмұн түзген күрделі уақыттағы әлеуметтік топтардың тіршілік мазмұны тілдік, сөздік қорға, оның толығып, молығуына байып, дамуына; шұбарланып, түрленуіне ұдайы ықпалын тигізіп отыруы – тіл тарихындағы елеулі фактор. Осы тұрғыда зерттеуші І. Жансүгіров шығармашылығын тілдік қор, қолданыс бағытында ыждаһатпен зерделеп, қыруар қиын шаруаны атқарған.

Ілиястың тіл қолданыс шеберлігі, сөз таңдау, сөз тапқыш суреткерлігі осындай нақтылы сөз үйірмдерінде өз бағасын көтеріп кетіп отырғандығы тілдік талқының оңай алдырмас жұмыс екендігі тұрғысынан келгенде, көңіл кеншітеді.

Қоршаған хан қасында қошеметші, Даяшы, төлеңгіті, би, жендеті. Ауылы Бақанастың өлкесінде, Арқадан Алатауға ауған беті. («Күйші») Монографиядағы көнерген сөздердің мағынасы тарқатылып ұғындырылып, этимологиялық сөздік түзіп отыру дағдысын автор лексикалық құрамды тұтас қарастыруында жалықпай жалғап отырған.

Зерттеу жүйесінде ғалым дағдылы жөндерді тасалап жазуға бой алдырмайды, өзіндік ғылыми еркіндікпен тілдік тұлғаны танытып, ашуға ден қояды. Өр сөздің қолданыс аясын ыждаһатпен тиянақтауындағы ғылыми тындырымдылық көзге ұрады. Ана тіліміз жадап-жүдеп бара жатқан қазіргі кезеңде осындай жанашыр, тілдік зерттеулердің орны бөлек. Автордың тіл

ерітіп өклететін тіл «сиқыры» нақтылы ғылыми негізде байыпталған, қазіргі ілиястанудың жаңа бағыттарында жазылған арнайы зерттеудің қазақ әдеби тілінің, көркем жазба әдебиет стилінің қалыптасу, орнығу, даму фактісіндегі мәні де елеулі.

«Жолдастар», «Бадырақ» романдары мен бірнеше поэмаларының тілдік тұрғыда зерделенуі ел өміріндегі елеулі сілкіністер дәуірін, сол дәуірді сөйлеткен тіл қазынасын қаз-қалпында ғылыми айналымға салудың жауапты шаруасында Қарлығаш Сарбасова әдеби мұраны тілдік тұрғыдан зерттеудің, тілдік тұлға аумағында зерттеудің қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінде кенжелеу қалған қажетті арнасын ілгері оздыруға өзіндік үлес қосқан.

Зерттеуде дүбіліп жатқан дүниеде дүрмекке ілесуге ұмтылған көптің тұтас тұлғасын сом дау бағытында Ілияс Жансүгіровтің «көп тілді» кейіпкерлері ана тілдің белгілі бір дәуірдегі алтын қоры айнымас тілдік таңбасы мәнінде бой көрсетіп, тұлғалана түседі. Зерттеушінің алынған мысалдарды ұғындырып, сіңірудегі ұтымды талдаулары көп дауысты заманның әдеби шығармашылықта, жанр аясында орнығып, ашылуындағы жетекші көркемдік амал – сөйлету амалын, сөйлесу амалын ұсталықпен ұқсатқан суреткер Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын оқып отырғандай серпінді, сергек әсер туғызып кетеді.

Кейіпкер тіліндегі түрлі экспрессиялық реңктердің, қыстырма одағай, қайталама сөз, инверсиялардың қанықтығы бағытында келтіріліп

отыратын үзінді, мысалдардың өзі бейтарап, бейжай қалдырмай, оқушыны ортақ күйге түсіреді.

«Ашуы өбден жеткен қымыз көрлен кеселерде майлы тоқашпен ішіліп, шекелерден терді шып-шып шығарады. Өзі бұрынан құрсақты молда іші кеңіген сайын айы жақынға әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр. Ыңқы-ыңқы етеді» (1, 17-б.).

Монография нақты мысал, талдау, түйін-тоқтамдармен, күрделі тілдік қитұрқыларды тізгінеп отырып, ықшам, ұғынықты ғылыми стильде жазылған.

«Өлең жолдарындағы қайталаулар әсерінен өзіне сенімді, еңсесі көтеріңкі лирикалық кейіпкер кез алдына «көлбеңдейді». Көбіне естіктен жасалған инверсиялық қайталаулар іс-қимылдың созылықылығын білдіреді. Ал Ілияс қайталаудың бұл түрін қарқын, екпін үшін, қуаныш эмоциясын баса көрсету үшін үдете қолданады» (1, 180-б.).

Ілияс шығармашылығындағы сөзжасам, окказионал айшықтаулар бағытында жалпылай зерттеу жүргізілуі қаламгердің тілдік тұлғалық тұғырын негіздеуі түскен.

«Ілияс Жансүгіров – жаңа сөз, сөз тіркестерін жасаудың шебері. Олардың қатарында окказионал теңеулер де молынан кездеседі. Окказионал теңеулер – автордың қолданысында ғана кездесетін, өз қаламынан туындаған теңеулер. Мысалы: «Шына аяққа тауықтың қанындай жұқтырып, түйенің сүтін қатып күрең бұйралап шұбар Шәлипан шөй құйды». Осы сөйлемдегі «тауықтың қанындай» теңеуі – автордың жеке қолданысы. Кез келген үйдің түйе сүтін шайға қата бермейтінін, қатса, аса ұқыптылық, аз аздан, тауықтың қанындай ғана, үнеммен жұмсайтындығын және Шәлипанның сараңдығын да астарлап жеткізу үшін қолданылған теңеулер. «Ыбырайым қымыздай көп ішкендіктен бет-аузы кер сиырдың желінізді қып-қызыл боп кеткен».

«...Олар жұрт көңілін сабадай пісіп, айрандай ұйғатады. Махмұт суға түскен пробкедей ырғып, шегірткедей ыршып, алыптың қолына түсе қоймады» (1, 155-б.).

Авторлық эпитеттік теңеулерге шым күміс тұрман сияқты, келтірген балықтай, бұзаубас молдаша, қашаған құлындай, ит кемірген асықтай, тұз түйген келсаптай, суалған шыңыраудай, т.с.с. теңеулерге де (окказионал) барынша мол мысалдар орынды келтіріліп отырады.

Ілиястың бейнелеу тіліндегі басым тұғыр халықтық негізге мән беріледі. Қылы сөз жарату амалдарының ғылыми-теориялық айқындамалары назарға алынып отырады. Тілдік тұлғаның қаламгерлік ұстаным, қаламгерлік суреткерлік арқауындағы ұлттық мүдде, ұлтжандылық, ел иесі, тіл жанашыры мәніндегі тоғысқан тұтастық тұрғысында тың тоқтамдар жасалады.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарбасова Қ.Б. І. Жансүгіров шығармаларының тілі: монография. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2017 ж. – 190 бет.

2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі (монография). – Алматы, «Санат», 1995 ж. – 208 бет.

3. Момынова Б. Шөкәрім поэзиясының тілі (лексика-функциональды ракурс). – Алматы: «Арыс баспасы», 2008. – 256 бет.

4. Салқынбай А. Шаһкәрім шыққан шың. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 ж. – 213 бет.

Қ.Қ. МӘДІБАЙ,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

## ВНЕДРЕНИЕ АУДИОВИДЕОФИКСАЦИИ

20 шагом Плана Нации «100 конкретных шагов», инициированного Первым Президентом Елбасы Н.А. Назарбаевым предусмотрено введение обязательной аудиовидеозаписи всех судебных процессов.

Целью оснащения залов судебных заседаний системами аудиовидеозаписи судебных процессов является повышение общественного контроля гражданского общества за законностью отправления правосудия, беспристрастностью судей. Это в свою очередь позволит повысить степень доверия общества к национальной судебной системе.

Кроме этого, введение аудиовидеозаписи судебного заседания позволит сэкономить время на составление протокола заседания, время для снятия с него копий в целях ознакомления с ним участников процесса, а также снизит риск уничтожения бумажного документа. Кроме этого, аудиовидеозапись позволит устранить многочисленные замечания, связанные с документированием судебного заседания.

Стоит отметить, что видеозапись, в отличие от традиционного протоколирования на бумаге, фиксирует не только слова, но и интонацию, а также реакцию всех участников судебного процесса, что позволяет более объективно, беспристрастно оценивать позиции всех участников процесса, избегая интерпретации и субъективных факторов. Таким образом, введение в судопроизводство аудиовидеозаписи позволит сделать судебный процесс более транспарентным.

Примечательно, что и судьи, и работники суда пришли к пониманию необходимости использования аудиовидеозаписи судебных процессов. Ведь это способствует повышению уровня открытости и транспарентности судебных процедур, что положительным образом отражается на имидже судебной системы Республики Казахстан.

**Нурбол БЕЙСЕНБАЕВ,**

главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

## ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

В отечественной судебной системе активно идут обширные процессы модернизации. Во-первых, произошли институциональные изменения, связанные с реализацией Плана нации «100 конкретных шагов». Во-вторых, казахстанская судебная система внедрила в свою работу более современные и открытые форматы взаимодействия с обществом. Речь идет о 100-процентном электронном суде. Во всех судах Республики Казахстан заработала новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Терелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Терелік» реализован механизм, согласно которому во вступление судебного акта в законную силу по делам об административном правонарушении судья в ИАС СО «Терелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.

Данный функционал позволяет исключить необходимость повторного обращения граждан в суды за проставлением отметки о вступлении в законную силу постановлений об административном правонарушении для предъявления его в страховую компанию.

Следует отметить, что на сегодняшний день в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в электронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители). Введен в эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике. Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

На интернет-ресурсе Верховного Суда открыт но-

вый сервис «Внешняя оценка судов». Это еще один системный инструмент по оценке работы конкретного суда. Проект «Внешняя оценка судов» реализован как объективный инструмент оценки работы судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде.

Отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет». Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

В частности, оценивается уровень доступа к правосудию, равноправие сторон, беспристрастность, соблюдение судьями требований судейской этики, процессуальных сроков и т.д.

Необходимо отметить, что все сервисы дорабатываются и улучшаются с учетом предложений представителей юридической общественности, адвокатов и госорганов, а также по мере развития ИТ в мире и изучения успешного опыта других стран. К примеру, в «Судебном кабинете» запущен модуль, позволяющий Министерству финансов РК получать решения суда о признании потенциального поставщика недобросовестным участником государственных закупок. В обновленной версии «Судебного кабинета» усовершенствованы шесть разделов, в том числе судопроизводство (подача исков, заявлений, апелляционных/частных жалоб, кассационных ходатайств и др.), отправка писем и обращений в судебные органы, поиск судебных дел, апостилирование официальных документов, исходящих из судебных органов.

Введенный аналитический информационный сервис «Форум «Талдау» заслуживает отдельного внимания. Его задачей являются систематизация, мониторинг судебных актов и анализ судебной практики по конкретным категориям дел. В основу его разработки положен опыт ряда стран – Австрии, Турции, Латвии, Эстонии, России и Финляндии. Форум доступен для всех судей и посетителей сайта, здесь создана площадка для дискуссий по вопросам судебной практики, где смогут высказаться все желающие, в том числе адвокаты и прокуроры. Все комментарии будут анализироваться с целью повышения качества и эффективности работы судов.

**Майкуль МАМУТОВА,**  
судья Талдыкорганского СМЭС  
Алматинской области.

## ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для этой цели. Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. И борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Наша республика основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии корруп-

ции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией.

В условиях, когда все силы и средства нашей страны брошены на преодоление последствий мирового финансового кризиса, проблема коррупции встает особо остро. В этой связи принимаемые меры, направленные на борьбу с коррупцией являются своевременными и необходимыми.

Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11.2015 года за № 410-V «О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики.

Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК. Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений.

Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

**Ермек ДУЙСЕМБАЕВ,**  
судья Текелийского городского суда.

**СТОРОНАМИ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ НАЗЫВАЮТСЯ ЛИЦА, ОТ ИМЕНИ КОТОРЫХ ВЕДЕТСЯ ПРОЦЕСС, И МАТЕРИАЛЬНО ПРАВОВОЙ СПОР КОТОРЫХ ДОЛЖЕН РАЗРЕШИТЬ СУД. В КАЧЕСТВЕ СТОРОН МОГУТ ВЫСТУПАТЬ ИНОСТРАННЫЕ ГРАЖДАНЕ, ФИРМЫ И ЛИЦА БЕЗ ГРАЖДАНСТВА. В КАЖДОМ ДЕЛЕ ГРАЖДАНСКОГО ПРОИЗВОДСТВА ВСЕГДА 2 СТОРОНЫ.**

## ЛИЦА УЧАСТВУЮЩИЕ В ДЕЛЕ

Истец – это лицо субъективные материальные права или охраняемые законом, интересы которого нарушены или оспариваются и в силу этого нуждается в защите

Ответчик – это лицо, которое привлекается к ответственности в связи заявлением истца о том что нарушены субъективные права или охраняемые законом интересы и является пассивной стороной в гражданском процессе.

Спорное материальное правоотношение-объект процесса по конкретному гражданскому делу, а его субъекты являются сторонами.

Каждый вправе в порядке установленных Гражданско-Процессуальным кодексом обратиться в суд за защитой нарушенных или оспариваемых прав, свобод или законных интересов. Способность иметь гражданские процессуальные права и обязанности признается в равной мере за всеми гражданами и юридическими лицами, являющимися субъектами материального права. Способность своими действиями самостоятельно осуществлять свои права и исполнять обязанности в суде принадлежит в полном объеме гражданам, достигшим материального права. Лицами участвующими в деле признаются стороны, третьи лица, прокурор, государственные органы, органы местного самоуправления, юридические лица и т.д.

Лица участвующие в процессе имеют права знакомиться с материалами дела, делать выписки из них и снимать копии, заявлять отводы, представлять доказательства и участвовать в их исследовании лица участвующие в деле обязаны заявлять суду о действительных обстоятельствах дела и полностью правдиво, высказываться или представлять суду письменные документы, опровергающие факты, утверждаемые другой стороной. Стороны не могут запрашивать друг у друга документы, содержащие государственные секреты или иную охраняемую законом тайну. Стороной в гражданском процессе может быть государство, они т.е. они стороны обладают равными правами несут равные процессуальные обязанности.

Права, свободы и законные интересы несовершеннолетних в возрасте от 14 до 18, а также граждан признанных ограниченно дееспособными, защищаются в суде их родителями или иными законными интересами. В случаях предусмотренных законом, сторонами могут быть организации, не являющиеся юридическими лицами.

**Абзал ШАКУАЛ,**  
судья Алакольского районного суда.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СЛУЖБА ПОЖАРОТУШЕНИЯ И АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНЫХ РАБОТ ДЕПАРТАМЕНТА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ (ГОРОД ТАЛДЫКОРГАН) КОМИТЕТА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» ПОЧТОВЫЙ ИНДЕКС 040000 Г. ТАЛДЫКОРГАН УЛ. АЛДАБЕРГЕНОВА, 86 А, ЭЛЕКТРОННАЯ ПОЧТА SPASR\_ALMOV@EMER.KZ, ТЕЛЕФОН (ФАКС) ДЛЯ СПРАВОК 8 (7282) 24-22-05, ОТДЕЛ КАДРОВОЙ РАБОТЫ Тел. 8 (7282) 24-09-18, ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ ОРГАНОВ ГРАЖДАНСКОЙ ЗАЩИТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.**

**1. Водитель-сотрудник пожарных автомобилей специализированной пожарной части, пожарной части и пожарного поста – 35 единицы, категория С- SV-13.**

**Наименование подразделения, количество вакант:** СПЧ №1 г. Талдыкорган-1 ед., СПЧ №2 г. Талгар Талгарского района-1 ед., ПЧ №1 г. Каскелен Карасайского района – 6 ед., ПЧ №3 с. Отеген батыр Илийского района- 2 ед., ПЧ №4 п.Боралдай Илийского района – 3 ед., ПЧ №5 г. Капчагай – 3 ед., ПЧ №6 г.Есик Енбекшиказахского района- 1 ед., ПЧ №7 с.Узынагаш Жамбылского района – 1 ед., ПЧ №11 с.Кеген Кегенского района – 3 ед., ПЧ №12 с.Нарынкол Райымбекского района – 1 ед., ПЧ №13 с.Ачки Илийского района – 1 ед., ПЧ №14 с. Баканас Балхашского района – 1 ед., ПЧ №20 ст. Достык Алакольского района – 3 ед., ПЧ №22 г.Талдыкорган- 2 ед., ПЧ №26 г. Учарал Алакольского района – 3 ед., ПЧ №34 г. Саркан Сарканского района- 1 ед., ПП №29 с. Капал Аксуского района- 1 ед., ПП №36 с. Кabanбай Алакольского района – 1 ед.

**Должностные инструкции:** Доставка личного состава на пожарном автомобиле к месту пожара. Обеспечение бесперебойной работы закрепленной за ним техники, а также установленных на ней механизмов. Умение управлять в различных дорожных и метеорологических условиях пожарными автомобилями всех видов, имеющимися на вооружении части. Выполнять техническое обслуживание и ремонт пожарных автомобилей.

**Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями:** Возраст не старше 35 лет. Образование среднее, имеющие водительское удостоверение с категориями В,С и более, стаж работы на грузовых автомобилях не менее 3-х лет. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

**2. Пожарный пожарной части, пожарного поста-8 единиц, категория С- SV-13.**

**Наименование подразделения, количество вакант:** ПЧ №6 г.Есик Енбекшиказахского района-2 ед., ПЧ №8 с.Узынагаш Жамбылского района- 2 ед., ПЧ №11 с.Кеген Кегенского района- 1 ед., ПЧ №20 ст. Достык Алакольского района-2 ед., ПП №29 ст. Лепсы Сарканского района- 1 ед.

**Должностные инструкции:** Несение караульной службы, участие в тушении пожаров, проведении аварийно-спасательных работ по спасению людей и имущества.

**Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями:** Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

**3. Фельдшер специализированной пожарной части – 1 единица, категория С-SV-12.**

**Наименование подразделения, количество вакант:** СПЧ №1 г. Талдыкорган – 1 ед.

**Должностные инструкции:** Ежедневно перед проведением развода проводить проверку состояния здоровья личного состава; вести постоянное медицинское наблюдение за лицами с хроническими заболеваниями и результаты наблюдения; контролировать санитарное состояние служебных помещений; контролировать выполнение ими правил личной и общественной гигиены; оказывать медицинскую помощь личному составу.

**Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями:** Возраст не старше 35 лет, образование среднее специальное: Лечебное дело (фельдшер). Наличие сертификата специалиста. Наличие знаний, умений и навыков, необходимых для исполнения функциональных обязанностей. Прошедшие воинскую служ-

бу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

**ИТОГО: 44 вакантных должности рядового и младшего начальствующего состава.**

Для обеспечения прозрачности и объективности работы конкурсной комиссии на ее заседание приглашаются наблюдатели.

В качестве наблюдателей на заседании конкурсной комиссии могут присутствовать депутаты Парламента Республики Казахстан и маслхатов всех уровней, аккредитованные представители средств массовой информации, других государственных органов, общественных объединений (неправительственных организаций), коммерческих организаций и политических партий, сотрудники уполномоченного органа по делам государственной службы.

Для присутствия на заседании конкурсной комиссии в качестве наблюдателя лицо регистрируется в кадровой службе не позднее одного рабочего дня до начала проведения собеседования. Для регистрации лицо предоставляет в кадровую службу копию документа, удостоверяющего личность.

Прием документов участников конкурса осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации объявления о проведении конкурса по адресу: город Талдыкорган ул. Алдабергенова, 86 А, (отдел кадровой работы государственного учреждения «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдыкорган) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан») с 09.00 часов до 18.00 часов местного времени, выходные дни (нерабочие дни) суббота, воскресенье и праздничные дни Республики Казахстан.

## МАМАН МІНБЕРІ

## ҰЛТТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ - ҰЛАН-АСЫР БАЙЛЫҚ



Еліміз тәуелсіздік тізгінін қолына алып, іргесін бекіткен сәттен-ақ Қазақстан халқының сәулетті өмір сүріп, салауатты тұрмыс кешуін қамтамасыз етуге жан-жақты қамқорлық әрекетін жасауда. Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік тізгінінің иесі жас ұрпақ болған соң, дені сау жастарды тәрбиелеу – негізгі мақсаттардың бірі.

Қай заманда болсын есті де еңбексүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың асыл парызы саналған. Соңғы жылдары нарық қыспағына түскен жастар рухани да, мәдени де, спорт жағынан да құлдырап кетті. Бұл, әрине, есер ұрпаққа теріс әсерін тигізуде. Қазіргі кездегі дертке айналып бара жатқан нашарлық, ішімдік ішу, темекі тарту тағы да толып жатқан теріс

қылықтар тым күрделенуде. Сол үшін әлі де өмір жолына түспеген ұрпақты сақтандыру үшін, бос уақыттарын мәнді де мәнерлі өткізуіне көңіл бөлу керек. Осыдан шығар бірден-бір жол – спорт пен өнерге балаларды тарту.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға,

есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған» деген. Сондай-ақ, «Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» дейді дана халқымыз. Ата-бабаларымыздың бұл айтқаны талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық.

Ұлттың денсаулығы ұлан-асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы болғандықтан оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, онсыз денсаулықты сақтау қиын.

Қазіргі кезде жастардың денсаулығы төмен, иммунитеттері әлсіз. Дәрумендер

жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, оқу жүктемелерінің үнемі өсуі, ал бұған қарама-қайшы балалардың қозғалыс белсенділігінің басына азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы денсаулықтың күрт төмендеуіне әкелуде. Шылым шегу, сыра ішу, нашарлыққа әуес болу жаппай сипат алуда. Психобелсенді заттарды пайдалану, оқушылардың әртүрлі секта қызметіне енуі өзекті мәселе болып отыр. Бұл факторлардың барлығы оқушылардың денсаулықтарына әсер етпей қоймайды, көптеген қауіпті ауруды тудырады. Тіпті баланың психикасы, ой-өрісі жақсы дамыса да, бірақ суық тиіп жиі ауыратын болса, созылмалы ауруы болса, мектепте оқу оған қиынға түседі.

Сондықтан салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты



шарттарының бірі ретінде есептеу керек. Табиғат адамға денсаулық беріп отыр, адам сол денсаулықты күту, қимыл-қозғалыс, дене жаттығуларын жасау арқылы сақтау керек.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз – азаматтарымызды салауатты өмір салтын өзіртуден басталады» – деп атап көрсеткендей, ауырмаудың жолын іздеу, денсаулық төмендемей тұрып күтінуді әрқашан керек.

Қарлығаш БАЛАБЕКОВА,  
Талдықорған қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат колледжі.

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
КӨКПАРШЫЛАР ТОП  
ЖАРДЫ

Алматы облысында ат спорты түрлерінен жастар арасындағы бірінші Азия чемпионаты аяқталды. Бір аптаға созылған байрақты бәсекеде бабы келгендер топ жарды.

Азия біріншілігінің финалдық кезеңінде Панфилов кентіндегі атшабар жанкүйерлерге лық толды. Көрермендер арасынан ел спортының тізгінін ұстаған басшылар мен облыс және қала әкімдері сондай-ақ алыс-жақыннан келген мәртебелі меймандар да бой көрсетті. Бүкіләлемдік этносспорт форумына келген мамандар ұлттық спортымыздың құндылықтарына тәнті болды.

Бір аптаға созылған жарыста үміткерлер ат спортының 4 түрінен сайысқа түскен еді. Аударыспақта жерлестеріміз Нұрбек Аманжол мен Құралбай Ермек, және Нармағанбет Иманғазыұлы мен Ғабит Ағабектер өз салмақ дәрежелері бойынша чемпион атанса, ең ауыр салмақта Моңғолиядан келген қандасымыз Жеңісбек Серікұлы жеңіске жетті. Баянөлгейде туып өскен Жеңісбек теңге ілуден қола жүлде иеленсе, көкпар тартып күміс алды.

**Жеңісбек Серікұлы, Моңғолия құрамасының мүшесі:**

– Ат спорты түрлерінен жақсы нәтижелер көрсетіп жүргенмін. Қазақстанға бірінші рет келіп тұрған жоқ.

Жамбы ату мен теңге ілуден де қазақ жастарының қанжығасы майланды. Ал жұрт асыға күткен көкпаршылар сайысының финалында біздің жігіттер Моңғолия құрамасымен күш сынасты. Жергілікті жанкүйерлер алдында қазақ жастары аянып қалған жоқ. Дегенмен Баянөлгейден келген қандастарымыз да намысқа тырысып, 4 салым салды. Есеп 7:4. Қазақстан құрамасының пайдасында.

**Атамекен Нәбиұлы, көкпардан Қазақстан жастар құрамасының бапкері:**

– Жастар құрамасы болғаннан кейін бірінші чемпионат болып тұр ғой. Бұрын үлкендер қатысқан кезде олар, әрине, тәжірибелері көп болды да қазір бұл жастардың тәжірибесі аздау. Бірақ, дегенмен, жақсы дайындалып келген командалар.

Алты күн көкпарға шапқан жануар әлі ауыздықпен алысып тұр. Бабында екен. Иә, ат мінсе делебесі қозатын қазақпыз ғой! Осы «Намыскөкті» тізгіндеген қазақтың намысты жігіттері ешкімге дес берген жоқ. Епті жігіттеріміз теңге ілуде топ жарса, құралайды көзге атқан мергендеріміз жамбы атуда алдына жан салған жоқ. Ал білекті де жүректі жігіттеріміз аударыспақ ойынында 4 салмақ дәрежесінде топ жарды. Көкпаршыларымыз жаңа ғана Моңғолия құрамасын ұтып, Азия чемпионы атанды.

Жандос АЙТБАЙҒҰЛЫ.

## ЖЕҢІС

## КҮМІСТЕН АЛҒА ТАҚҚАН СПОРТШЫЛАР

Синхронды жүзуден әлем кубогі кезеңі аяқталды. Қазан қаласында өткен жарыстың соңғы күні Қазақстан командасы күмістен алқа тақты.

Жарысқа жалпы есебі бес команда қатысты. Акробатикалық топ бағдарламасында (хайлайт) ресейліктерге ғана есе жіберіп, қазақстандық құрама күміс жүлдегер атанды. Үшінші орынға Венгрия құрамасы тұрақтады.

Жеңіске жеткен команда сапында Карина Абдулина, Екатерина Симонова, Ольга Ездакова, Дженифер Русанова, Ксения Макаров, Елена Крылова, Әйгерім Құрманғалиева, Наргиза Болатова, Жәния Жиенғазы, Валерия Скаковская сынды спортшылар бар. Ел үміт ақтаған спортшыларымызға жеңісті күндері көп болуын тілейміз.



Ш. МҰХАМЕДИЯР.



## ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Мұндай шараны өткізуді Бақыт аға өз мойнына алған. Ал шараны ұйымдастырушы – сол мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі, білікті маман Жөкен Тотыбаев.

Ертеңгі сағат 10-да басталған шараға Жамбыл аудандық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Бақыт Жақыпбеков пен ардагерлер Жұмабай Рысмендиев, Еркебай Тұрысов, Талғат Игілік, Искандир Гамидов, Сапар Сүйенішев, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Әуесбай Тәжібаев, Үмбетәлі музейінің меңгерушісі Әуелбек Исаков, Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жанат Елікбаев, Тілек Сарманбеков, Майра Денгелбаева, Қарғалы ауруханасының бас дәрігері Сертай Сағеев, т.б. ауыл тұрғындары қатысты.

Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі, Аққайнар ауылдарынан келген командалар құрамындағы қыран жігіттер сап түзеп шерумен ортаға шығып, Қазақстан Республикасының Гимні ойналды. Алғашқы болып сөз алған мектеп директорының орынбасары Харабай Мұратхабыл спортшыларды құттықтап, табыс тіледі. Келесі кезекте Жамбыл аудандық Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Жақыпбеков Бақыт жастарға жақсы тілегін айтып, Бақыт Әбдібаев ағасына Ауған

## ЖАЙДАРМАН

Жуырда Жамбыл ауданының Шолаққарғалы орталау мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мәдени-спорттық шара ұйымдастырылды. Атаулы шара Халық ақыны Үмбетәлі Көрібаевтың 130 жылдығына және Ауған соғысының аяқталғанына 30-жыл толуына орай өтті. Осы ретте баскетбол турнирі ауылдың ардақты ақсақалы Әбдібаев Бақыт ағамыздың құрметіне жылда өткізілетінін де айта кетейік.

соғысы ардагерлері қауымдастығының Б. Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалін тақты. Келесі кезекте Ә. Тәжібаев, М. Денгелбаевалар сөз алып, жиналды ұйымдастырушыларға тілектерін білдірсе, Үмбетәлі музейінің меңгерушісі, ақынның немересі Әуелбек Исаков атасының 130 жылдығы қарсаңында осындай игілікті іс-шара өткізіп жатқан мектеп басшыларына алғыс айтып, мектеп кітапханасына Үмбетәлінің таңдамалы жинағын және өзінің «Жорғадан қалған тұяқ ем» атты кітабын сыйлады. Баскетболдан тамаша ойын үлгісін көрсеткен командалар бірінен бірі асып, жарыс көрігін қызыра түсті. Жарыс соңында бірінші, екінші орын алған Үмбетәлі, Жамбыл ауылдарының спортшылары дипломмен, кубокпен марапатталды. Ал, Аққайнар ауылынан келген командаға мереке иесі Бақыт Әбдібаев жеке өз атынан сый-сияпат жасады. Жарысқа қатысқан барлық қонақтар мен спортшылар Бақыт ағамыздың отбасы жайған дастарқан басында мұндай жиындарды жиі өткізіп тұру қажеттігін айтып тастады.

Сәлім ИБРАИМОВ,  
Ауған соғысының ардагері,  
Жамбыл ауданы

# САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

- Балбана** – тас мүсін.
- Балуыз** – уылжыған жас.
- Бардам** – күйлі, әл-ауқатты.
- Баршы** – ақпарат жеткізуші, хабаршы, жаңалық әкелуші; барлаушы, шолушы.
- Барыл** – бар-бар еткен жағымсыз дыбыс, үн.
- Басалқа** – ақыл, кеңес, басу сөз; ақылшы, кеңесші.
- Басбау** – киіз үйдің негізгі, үлкен, жалпақ бауы, басқұр.
- Бастақ** – бөгде, бөтен, өзге.
- Батқа** – кір, лас.
- Бауашар** – ең алғашқы тырнақалды іс, жолашар.
- Башақ** – қауынның, қарбыздың дәні.



ТӘМСІЛ

## КЕДЕРГІ – МҮМКІНДІК

Бір компанияға аула сыпырушы боп жұмысқа тұру үшін бір ер адам келіпті. Кадр бөлімі түрлі сұрақ қойып, тесттен өткізіп, ақыры соңында:

– Құттықтаймыз! Сіз жұмысқа қабылдандыңыз! Е-mail электрондық поштаңызды берсеңіз, жұмыс кестесін сол жерге жібереміз, – дейді.

– Кешіріңіз. Менде e-mail поштасы да, тіпті компьютер де жоқ еді... – дейді ер адам.

– Ооо... Онда ренжімеңіз, сізді жұмысқа қабылдай алмаймыз. Біз соңғы ақпараттарды жұмыскерлердің поштасына жіберу арқылы бөлісеміз. Біздегі талап осы!

Амал жоқ, ер адам басы салбырап кабинеттен шығып кетеді. Келе жатып ойланады. Не істесе болады? Компьютерге ақшаны қайдан табады?

Қалтасындағы бар ақшасы 10 мың теңге. Ақыры ойлана келе бір фермерден он мыңға көтерме бағамен алма сатып алып, адам көп жүретін жерлерде сата бастайды.

Айналдырған 6 сағаттың ішінде он мыңы екі есеге өседі. Ертесі күні он мыңы – Елу мың, үшінші күні жүз мың пайда әкеледі. Күнде осылай еңбектенсе, жұмыс іздеудің, біреуге жұмыс жасаудың қажеті жоғын түсінеді. Себебі бір ай аула сыпырса, бұдан аз ақша табар еді...

Уақыт өте келе көлік сатып алып, алманы көлікпен жүріп сата бастайды. Сосын шағын дүкен ашады. Ал 5 жылдан

соң үлкен супермаркет иесі атанады.

Бірде ол бизнесін сақтандыру үшін сақтандыру компаниясына келеді. Сақтандыру агенті дәл көп жыл бұрынғыдай, e-mail поштасын сұрайды. Сол кезде кәсіпкер не компьютері, не электрондық поштасының жоғын және ешқашан болмағанын айтады.

– Мәссаған! Мынадай үлкен бизнесіңіз бола тұра компьютеріңіздің болмауы таңғаларлық дүние екен! Бір сұрақ қойсам бола ма? Егер жеке компьютеріңіз болғанда, ол өміріңізге өзгеріс әкелер ме еді? – деп сұрайды агент.

– Егер компьютерім мен электрондық почтам болғанда, бүгінде бір компанияның аула сыпырып жүретін едім, – деп жауап береді кәсіпкер.

КЕДЕРГІНІ СЫНАҚ ДЕП ЕМЕС, МҮМКІНДІК ДЕП БІЛІҢІЗ.



# НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық, дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады.

Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды.

Ашық көңілді, сауықшыл ел-жұрттың баласы да сауықшыл, ер болмақ.

Ерлік, қайрат үнемі ірі жұмыста көріне бермей, күндегі уақ-түйек жұмыста да көрінуі керек.

Тіршілікте адам баласы нелер күйге түспек: бейнет шекпек, рахат таппақ, өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек, талай ажалға басын да байламақ, талай соққы да жемек.



Жүсіпбек АЙМАУЫТҰЛЫ.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

## Қазақы күн райын болжау тәсілі

### ҚЫРЫҚ КҮН ШІЛДЕ

Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық. Осы аптапты күндерге орай халық арасында қырық күн шілде деп аталатын санақтық атау пайда болған.

### ҮРКЕРДІҢ ТОЛҒАҒЫ

Мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды.

### ТАРАЗЫНЫҢ ТУУЫ

Тамыз айының ортасында ауа-райы салқын тартады, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. «Таразы туса – таң суыр» деген мәтел осындайдан шыққан.

### МИЗАМ ШУАҚ

Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндіз шуақты күндер де болады. Далада ұзынан-ұзақ мизамдар (өсімдік ұлпасынан болатын, сағым іспетті ақ сілбі) шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді «мизам шуақ» деп атайды.

### СҮМБІЛЕНІҢ ТУУЫ

Сүмбіле жұлдызының көрінетін мезгілі. «Сүмбіле туса – су суыр» дейді халық қағидасы, яғни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, суықты күндер, жауын басталады.



## ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

Құрметті оқырмандар! Акция мерзімі редакция алқасының шешімі бойынша мамыр айына дейін ұзартылғандығын хабарлаймыз. Әлі де газетке жазылып, ұтыс иеленуге мүмкіндіктеріңіз бар.

## «АЛАТАУ» – ЖАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

**РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ**

3 айға – 600 теңге.

6 айға – 1200 теңге.

**ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ**

**ҚАЛАЛАР ҮШІН**

3 айға – 858, 63 теңге.

6 айға – 1717, 26

**АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА**

3 айға – 914, 49 теңге.

6 айға – 1828, 98 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

**С РЕДАКЦИИ**

3 месяца – 600 тенге.

6 месяцев – 1200 тенге.

**ДЛЯ ГОРОДА**

**НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ**

3 месяца – 858, 63 тенге.

6 месяцев – 1717, 26 тенге.

**ДЛЯ СЕЛЬСКОГО**

**НАСЕЛЕНИЯ**

3 месяца – 914, 49 тенге.

6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индексі: 16534

## ЕСКЕ АЛУ

### АКИШЕВ КОСМАНОВ КҮНБОЛАТҰЛЫ

Қымбат едің ана, бауыр, бала, жар үшін  
Есте қалды әр сөздерің, әр ісің.  
Бізден алыс кеткеніңмен жыраққа,  
Әр жүректің төріндесің қашан да.  
Жаратқанның мейіріне бөленіп,  
Асыл жаның шалқи берсін жұмақта.

Ағайын-туыс, құда-жекжат,  
дос-жаран, жолдастарың, әріптестерің  
4 мамыр, сағат 12.00-де  
Талдықорған қаласы,  
«Заңғар» мейрамханасында өтетін  
40-күндік құдайы тамаққа шақырамыз.



Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры  
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор  
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ – редактордың орынбасары  
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА – тілші  
Данәгул БЕРЕКЕТ – тілші  
Ақбаян АҚЫБАЕВА – тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА



Газет Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрілігінде  
2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп,  
№ 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.  
Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция қақпасын білдірмейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны  
мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде  
"Алматы-Болашақ" АҚ филиалы  
"Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29  
E-mail: alatau\_offset@mail.ru  
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098  
Тапсырыс №554

Индекс 15534



Құрылтайшы  
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ